Қосылым мүмкіндігінің профильдері сақтау орнының межелі орындары, экспорттау стратегиялары, тексеру параметрлері және байланыс параметрлері жинағын анықтай алады. Бірнеше қосылым мүмкіндігі профилін жасап теңшеуге және олар арасында жылдам ауыстыруға болады. Қосылым мүмкіндігі профильдерін ауыстыру алдында тексеруді аяқтауыңыз қажет.

Қосылым мүмкіндігінің профилін қосу

ЕСКЕРТПЕ



Кіріс байланыстар үшін 1024-тен кіші немесе тең порттарды пайдалану мүмкін емес.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles**  түймесін түртіңіз.
2. **Add New Profile** түймесін түртіңіз.
3. **Add New Profile** диалог терезесінде жаңа қосылым мүмкіндігінің профилінің атын теріп, **Continue** түймесін түртіңіз.
4. **Profile Management** астында қосылым мүмкіндігінің профилін қолдану үшін **Set [connectivity profile] As The Current Profile** параметрін таңдаңыз.  қосылым мүмкіндігінің профилі қолданылғанын көрсетеді. Белсенді қосылым мүмкіндігінің профилі қарап шығу және параметрлер мәзіріндегі **Connectivity Profile** астында көрсетіледі.
5. **Servers & Roles** астындағы мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:
 - Негізгі сақтау орнының межелі орнын таңдаңыз. Жаңа экспорттау межелі орнын қосу үшін **Manage Options** түймесін түртіп, **Add New** түймесін түртіңіз ([194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімін көріңіз).
 - DICOM сақтау орны міндеттемесінің серверін таңдаңыз (DICOM сақтау орнының межелі орны профильдің негізгі сақтау орнының межелі орны болса, қолжетімді). Жаңа сақтау орны міндеттемесінің серверін қосу үшін **Manage Options** параметрін таңдап, **Add New** түймесін түртіңіз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).
 - Модальділік жұмыс тізімі (MWL) серверін таңдаңыз. Жаңа MWL серверін қосу үшін **+ Add New** параметрін таңдап, **Add New** түймесін түртіңіз ([131-беттегі «Модальділік жұмыс тізімінің серверін қосу»](#) бөлімін көріңіз).

- Модальділік орындалған процедура қадамы (MPPS) серверін таңдаңыз. Жаңа MPPS серверін қосу үшін **Add New** параметрін таңдап, **Setup MPPS Servers** диалог терезесінде **Add New** түймесін түртіңіз (195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері» бөлімін көріңіз).
6. **Export Strategy** астынан кескіндерді экспорттау қажет жолды таңдаңыз.
 7. **Exam Settings** астында мына әрекеттерді орындаңыз:
 - Тексерулердің автоматты түрде аяқталу уақытын көрсету үшін **Automatically End Exams Older Than** мәзірінен уақытты таңдаңыз.
 - Негізгі сақтау орнының межелі орны DICOM болса, барлық кескіндер сақтау орнының межелі орнына келтірілгеннен кейін жүйені тексерулерді автоматты түрде жою күйіне орната аласыз.
 8. **Inbound Connection Settings** астында мына әрекеттерді орындаңыз:
 - Белгілі бір кіріс портын сканерлеу үшін **Listen For Inbound Connections On Port** өрісін түртіп, 1024-тен жоғары жарамды портты теріп, **Save** түймесін түртіңіз.
 - Құрылғының ағымдағы кіріс байланыстарының интерфейсі мен IP мекенжайын қараңыз.
 9. **Save** түймесін түртіңіз.



IOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles**  түймесін түртіңіз.
2. **Add** түймесін түртіңіз.
3. **New Profile** диалог терезесінде жаңа қосылым мүмкіндігі профилінің атын теріңіз.
4. Жаңа профильді ағымдағы профиль ретінде орнату үшін **Set as Current** параметрін таңдаңыз. Белсенді қосылым мүмкіндігінің профилі қарап шығу және параметрлер мәзіріндегі **Connectivity Profile** астында көрсетіледі.
5. **Servers & Roles** астындағы мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:


- Негізгі сақтау орнының межелі орнын таңдаңыз: **Primary Storage Destination** түймесін түртіп, **Primary Storage Destination** диалог терезесінде тізімнен межелі орынды таңдаңыз. Жаңа экспорттау межелі орнын қосу үшін **Manage** түймесін түртіп, + түймесін түртіңіз ([194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімін көріңіз).
 - Сақтау орны міндеттемесінің серверін таңдаңыз (DICOM сақтау орнының межелі орны профильдің негізгі сақтау орнының межелі орны болса, қолжетімді): **Storage Commitment Server** түймесін түртіп, **Storage Commitment Server** диалог терезесінде тізімнен серверді таңдаңыз. Жаңа сақтау орны міндеттемесінің серверін қосу үшін **Add** түймесін түртіңіз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).
 - Модальділік жұмыс тізімі (MWL) серверін таңдаңыз: **MWL Server** түймесін түртіп, **MWL Server** диалог терезесінде тізімнен серверді таңдаңыз. Жаңа MWL серверін қосу үшін **Add** түймесін түртіңіз ([131-беттегі «Модальділік жұмыс тізімінің серверін қосу»](#) бөлімін көріңіз).
 - Модальділік орындалған процедура қадамы (MPPS) серверін таңдаңыз: **MPPS Server** түймесін түртіп, **MPPS Server** диалог терезесінде тізімнен серверді таңдаңыз. Жаңа MPPS серверін қосу үшін **Add** түймесін түртіңіз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).
6. **Export** астынан **Export Strategy** түймесін түртіп, кескіндерді экспорттау қажет жолды таңдаңыз.
 7. **Exam Settings** астында мына әрекеттерді орындаңыз:
 - Тексерулердің автоматты түрде аяқталу уақытын көрсету үшін **Auto-End Exams Older Than** мәзірінен уақытты таңдаңыз.
 - Негізгі сақтау орнының межелі орны DICOM болса, барлық кескіндер сақтау орнының межелі орнына келтірілгеннен кейін жүйені тексерулерді автоматты түрде жою күйіне орната аласыз.
 8. **Inbound Connection Settings** астында мына әрекеттерді орындаңыз:
 - Белгілі бір кіріс портын сканерлеу үшін **Listening Port** өрісін түртіп, 1024-тен жоғары жарамды портты теріп, **Done** түймесін түртіңіз.




- Құрылғының ағымдағы кіріс байланыстарының интерфейсі мен IP мекенжайын көру үшін **Current IP Addresses** түймесін түртіңіз.
9. **Save** түймесін түртіңіз.

Қосылым мүмкіндігінің профильдерін өңдеу

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles**  түймесін түртіңіз.
2. Дисплейдің үстінде ашылатын профиль атын түртіңіз.
3. Қажетті профиль өзгерістерін жасаңыз.
4. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Профильге өзгерістерді сақтау үшін **Save** түймесін түртіңіз.
 - Профиль өзгерістерін тазалау үшін **Discard** (Android құрылғылары) немесе **Cancel** (iOS құрылғылары) түймесін түртіңіз.

Қосылым мүмкіндігінің профильдерін ауыстыру

Белсенді қосылым мүмкіндігінің профилі қарап шығу және параметрлер мәзіріндегі **Connectivity Profiles**  астында көрсетіледі.

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles**  түймесін түртіңіз.
2. Дисплейдің үстінде ашылатын профиль атын түртіңіз.
3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Android құрылғылары: **Profile Management** астында қосылым мүмкіндігінің профилін қолдану үшін **Set [connectivity profile] As The Current Profile** параметрін таңдаңыз.  қосылым мүмкіндігінің профилі қолданылғанын көрсетеді. **Save** түймесін түртіңіз.
 - iOS құрылғылары: **Profile Information** бетінен **Set as Current** параметрін таңдаңыз.


Модальділік жұмыс тізімі

Емделуші деректерін қолмен енгізу орнына емделуші деректерін жүктеп, DICOM Модальділік жұмыс тізімі (MWL) серверінен жоспарланған процедураны таңдауға болады. Модальділік жұмыс тізімі мүмкіндігін пайдалану алдында DICOM MWL серверін қосуыңыз қажет.

Модальділік жұмыс тізімінің серверін қосу


Қарап шығу және параметрлер мәзірінде **Connectivity Profiles** параметрінен жаңа Модальділік жұмыс тізімінің (MWL) серверін қосуға болады. **Connectivity Profiles** ақпаратын [126-беттегі «Қосылым мүмкіндігінің профилдері»](#) бөлімінен көріңіз.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles** түймесін түртіңіз.
2. Қалаған қосылым мүмкіндігінің профилі белсенді болса, **Select a MWL Server for this Profile** мәзірінен **Add New** параметрін таңдаңыз.
3. **Setup Worklists** пішінінде мына мәзірлерден мәндерді теріңіз немесе таңдаңыз:
 - **Server Nickname**
 - **Lumify AE Title:** Құрылғыңызға арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы
 - **Remote AE Title:** MWL серверіне арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы
 - **Hostname or IP:** DNS немесе статикалық IP мекенжайын пайдалану
 - **Port:** MWL серверіне арналған порт нөмірі
4. **Query Options** параметрін таңдаңыз.
5. Қосымша байланыс параметрлерін көрсету үшін **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз:
 - **DNS Suffix:** Хост аты жоқ DNS аты
 - **Read Timeout (sec):** Желінің жауап беру үзілісі
 - **Connection Timeout (sec):** DICOM ARTIM үзілісі

- **Max Packet Size (bytes)**: DICOM серверіне жіберілген пакеттің ең жоғары өлшемі.
6. Сервермен байланысты сынау үшін **Test** түймесін түртіңіз.
 7. **Save** түймесін түртіңіз.

iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Connectivity Profiles** түймесін түртіңіз.
2. MWL серверіне қосу керек қосылым мүмкіндігі профилін таңдаңыз.
3. **Servers and Roles** астынан **MWL Server** түймесін түртіңіз.
4. **MWL Server** бетінен **Manage** түймесін түртіңіз.
5. **Manage Servers** бетінен **Add** түймесін түртіңіз.
6. **Setup Worklists** пішінінде мына мәзірлерден мәндерді теріңіз немесе таңдаңыз:
 - **Server Nickname**
 - **Lumify AE Title**: Құрылғыңызға арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы
 - **Remote AE Title**: MWL серверіне арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы
 - **Hostname or IP**: DNS немесе статикалық IP мекенжайын пайдалану
 - **Port**: MWL серверіне арналған порт нөмірі
7. **Query Options** астынан тексерулер көрсетілетін теңшелімдерді таңдаңыз.
8. Қосымша байланыс параметрлерін көрсету үшін **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз:
 - **DNS Suffix**: Хост аты жоқ DNS аты
 - **Read Timeout (sec)**: Желінің жауап беру үзілісі
 - **Connection Timeout (sec)**: DICOM ARTIM үзілісі
 - **Max Packet Size (bytes)**: DICOM серверіне жіберілген пакеттің ең жоғары өлшемі.
 - **Retry Interval (sec)**
 - **Max Retries**
9. Сервермен байланысты сынау үшін **Test** түймесін түртіңіз.


10. **Save** түймесін түртіңіз.

Модальділік жұмыс тізімінің серверін өзгерту немесе жою




Қарап шығу және параметрлер мәзірінде **Connectivity Profiles** параметрінен жаңа Модальділік жұмыс тізімінің (MWL) серверін өзгертуге немесе жоюға болады. **Connectivity Profiles** ақпаратын [126-беттегі «Қосылым мүмкіндігінің профильдері»](#) бөлімінен көріңіз.

Android құрылғылары

Setup Worklists пішінінде мына мәзірлерден мәндерді теріңіз немесе таңдаңыз:

- MWL серверін өзгерту үшін параметрлерді теріп немесе опцияларды таңдап, **Save** түймесін түртіңіз.
- MWL серверін жою үшін  түймесін түртіңіз.

iOS құрылғылары

1. **MWL Server** бетінен **Manage** түймесін түртіңіз.
2. **Manage Servers** бетінде өзгерту керек серверден кейін  түймесін түртіңіз.
3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - MWL серверін өзгерту үшін **Edit**  түймесін түртіп, сервер параметрлеріне қажетті өзгерістерді жасап, **Save** түймесін түртіңіз.
 - MWL серверін жою үшін **Delete**  түймесін түртіп, растау үшін **Yes** түймесін түртіңіз.

5 Reacts платформасын пайдалану (тек Android құрылғылары)

Reacts бірлескен платформасымен (Reacts платформасы бар Lumify) қуатталатын Lumify біріктірілген теле-ультрадыбыс жүйесі жазылымға негізделген опция ретінде қолжетімді.

Reacts — Innovative Imaging Technologies, Inc. (IIT) (Philips Ultrasound филиалы) әзірлеген интерактивті аудио-бейне бағдарламалық құралы. Reacts бағдарламалық құралы Lumify қолданбасына біріктіріліп, динамикалық ультрадыбыстық бірлескен жұмысты қамтамасыз етеді.

Құрылғы интернетке қосылса, динамикалық Lumify ультрадыбыстық кескінін оқытуға немесе бірлесіп жұмыс істеуге арналған қашықтағы Reacts пайдаланушысымен бөлісу үшін Reacts қолданбасын пайдалана аласыз. Reacts сеансы барысында бейне чатта қашықтағы Reacts пайдаланушысымен байланыса аласыз.

Lumify ультрадыбыстық кескінін қашықтағы Reacts пайдаланушысымен бөліскен кезде қашықтағы пайдаланушы тек камераның динамикалық арнасын және кейбір жағдайларда тек динамикалық ультрадыбыстық кескінін көруге шектеледі. Қашықтағы Reacts пайдаланушысы емделуші деректерін немесе алдыңғы аяқталған тексерулерді көре алмайды.

Осы *пайдаланушы нұсқаулығындағы* Reacts нұсқаулары Reacts пайдаланушысы бар Lumify өніміне арналған. Reacts қызметін Lumify қолданбасынан тыс пайдалану нұсқаулары үшін Reacts осы веб-сайтта онлайн оқыту мен оқулықтарды қамтамасыз етеді:

<https://reacts.zendesk.com/hc>

Reacts қолданбасымен Lumify алғаш рет пайдалану алдында интернетке қосылып, мына әрекеттерді орындауыңыз қажет:

1. Тегін Reacts лицензияларын белсендіру үшін Reacts қатынасу кодтарын (**137-беттері** «**Reacts қатынасу кодтарыңызды қайта сатып алу немесе бөлісу**» бөлімін көріңіз) сатып алыңыз немесе бөлісіңіз.

2. Reacts тіркелгісін жасаңыз ([138-беттегі «Reacts тіркелгісін жасау»](#) бөлімін көріңіз). Reacts тіркелгісі бұрыннан болса, Reacts жүйесіне кіру үшін Reacts деректемелерін пайдалана аласыз ([139-беттегі «Reacts платформасына кіру және шығу»](#) бөлімін көріңіз).
3. Reacts контактілерін қосыңыз ([140-беттегі «Reacts контактілерін қосу, жою және іздеу»](#) бөлімін көріңіз).

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтағы Reacts пайдаланушылары Lumify қолданбасын өзгерте немесе басқара алмайды.



ЕСКЕРТПЕ

Reacts қолданбасын жұмыс станциясында пайдаланғыңыз келсе, жазылымды реттеу және жүйе талаптары туралы ақпарат алу үшін <https://www.reacts.com> сайтына қараңыз.

Reacts талдауын көру

Lumify қолданбасын алғаш іске қосқан кезде жүйе мүмкіндіктерімен таныстыратын қолданбаны талдау оқулығы көрсетіледі.

Lumify қолданбасына кірген соң, мыналардың бірін орындау арқылы Reacts талдауын көре аласыз:



- Lumify қолданбасын талдау аяқталған соң, **Learn More** түймесін түртіңіз.
- Reacts платформасына кірген соң,  түймесін түртіп, мәзірдің Reacts аймағынан **User Guide**  түймесін түртіңіз.

Reacts қатынасу кодтары

Reacts стандартты жоспарына шектеулі, сынақ қатынасты қамтамасыз ету үшін Reacts қатынасу кодтарын қайта талап етуге немесе бөлісуге болады. Reacts қатынасу кодтары туралы қосымша ақпаратты "Сату шарттары мен талаптары" құжатынан қарап шығыңыз. Reacts жүйесіне кірген кезде **Remember Me** параметрін таңдасаңыз, Lumify қолданбасының жаңартулары немесе Android операциялық жүйесінің жаңартулары барысында Lumify сатып алынған Reacts қатынасу кодтарын басқа Lumify пайдаланушы параметрлерімен сақтайды.

Reacts қатынасу кодтарыңызды қайта сатып алу немесе бөлісу

Reacts қатынасу кодтары бірегей және қайта сатып алған кезде жеке Reacts лицензияларын жасаңыз. Қатынасу кодын алушы код пен нәтижелі лицензия иесіне айналады.





Таратқышты тіркегеннен кейін ([111-беттегі «Таратқыштарыңызды тіркеу»](#) бөлімін көріңіз)  түймесін түртіп, **Launch Reacts**  түймесін түртіп, Reacts жүйесіне кіру мәзірінен мыналардың кез келгенін орындаңыз:

- Reacts қатынасу кодтарын сатып алу немесе бөлісу үшін **Redeem or Share Codes** түймесін түртіп, мыналардың бірін орындаңыз:
 - Reacts қатынасу кодын сатып алу үшін **Redeem** түймесін түртіп, Reacts жүйесіне кіру деректемелерін теріп, **Okay** түймесін түртіңіз.
 - Reacts қатынасу кодын бөлісу үшін **Share** түймесін түртіп, жіберуші мен алушы аттарын және эл-пошта мекенжайларын теріп, **Share** түймесін түртіңіз.
- Reacts туралы ақпарат алу үшін **What is Reacts** түймесін түртіңіз.
- Таратқышты келесі рет тіркеген кезде Reacts қатынасу коды мәзірінің пайда болуын қаласаңыз, **Don't Ask Me Again** параметрін таңдаңыз.
- Жүйені пайдалануды және Reacts қатынасу кодын кейін сатып алуды немесе бөлісуді бастау үшін **Skip** түймесін түртіңіз. Reacts қатынасу кодтарын көру нұсқауларын [138-беттегі «Reacts қатынасу кодтарын көру»](#) бөлімінен көріңіз.

- Lumify қолданбасына оралу үшін  түймесін түртіңіз.

Reacts қатынасу кодтарын көру

Ағымдағы жалғанған таратқышқа қолжетімді Reacts қатынасу кодтарын көруге болады.

-  опциясын түртіңіз. Қолжетімді қатынасу кодтарының саны **Launch Reacts**  параметрінен кейін жасыл түсте пайда болады.
-  түймесін түртіп, **Launch Reacts**  түймесін түртіңіз. Қолжетімді кіру кодтары **Sign In** опциясының астында пайда болады.

Reacts қатынасу кодтарын сатып алу немесе бөлісу нұсқауларын [137-беттері «Reacts қатынасу кодтарыңызды қайта сатып алу немесе бөлісу»](#) бөлімінен көріңіз.

Reacts тіркелгісін жасау

ЕСКЕРТПЕ



Пайдаланушының эл-пошта жүйелері эл-пошта тіркелгісінің параметрлеріне байланысты Reacts эл-хабарларын эл-поштаның спам немесе қоқыс қалталарына бағыттауы мүмкін.

Тіркелгіні басқару (оның ішінде лицензияны сатып алу, тіркелгіні жасау, белсендіру және жою) — IIT Reacts, Philips компаниялары және Lumify қолданбасының пайдаланушылары арасындағы бірлескен жұмыс. Lumify қолданбасындағы Reacts контактілеріне қоса, IIT Reacts компаниясы пайдаланушы тіркелгілері мен расталған контактілер тізімін басқаруға мүмкіндік беретін тіркелгілерді басқару порталын қамтамасыз етеді. Қосымша ақпарат алу үшін [140-беттері «Reacts контактілерін қосу, жою және іздеу»](#) бөлімін көріңіз.

Құрылғыда Reacts қолданбасын пайдалану алдында құрылғыңыз интернетке қосылуы қажет және сіз Reacts тіркелгісін жасауыңыз қажет.

ДК жұмыс станциясына, ұялы құрылғыға немесе веб-шолғышқа Reacts тіркелгісін орнату үшін Reacts веб-сайтын қараңыз:





<https://reacts.com>

1. Lumify қолданбасында Reacts тіркелгісін жасау үшін мыналарды орындаңыз:
 - a.  түймесін түртіп, **Launch Reacts**  түймесін түртіңіз.
 - b. **Create An Account** түймесін түртіп, атыңыз бен эл-пошта мекенжайыңызды теріңіз.
 - c. Құпиясөзді жасаңыз. (Құпиясөзде кемінде сегіз таңба болуы қажет әрі бір үлкен әріптен, бір кіші әріптен және бір саннан тұруы қажет.)
 - d. **Create Account** түймесін түртіңіз. b қадамында берілген мекенжайға растау электрондық хабары жіберіледі.
 - e. Reacts тіркелгісінің эл-пошта мекенжайын растау үшін растау электрондық хабарындағы нұсқауларды орындаңыз.
 - f. **You're Almost There** диалог терезесі пайда болса, **Okay** түймесін түртіңіз.
2. Тіркелгінің белсенді екендігі туралы хабарландыру алсаңыз, Reacts қолданбасын пайдалануды бастай аласыз. Хабарландыру алмасаңыз, жаңа тіркелгіні растау үшін мыналарды орындаңыз:
 - a. Эл-поштаның кіріс қалтасында «Эл-поштаңызды растаңыз» деп аталатын хабарды ашыңыз.
 - b. **You're Almost There** түймесін басыңыз.
 - c. Растау шеберіндегі ұсыныстарды орындаңыз.

Reacts платформасына кіру және шығу

ЕСКЕРТПЕ






Automatically Log In To Reacts параметрі қосылса және Reacts жүйесінен шықсаңыз, **Automatically Log In To Reacts** параметрі өшеді.




1. Reacts платформасына кіру үшін мыналарды орындаңыз:
 - a.  түймесін түртіп, **Launch Reacts**  түймесін түртіңіз.
 - b. Reacts қатынасу кодтарын сатып алу немесе бөлісу керек болса, **Redeem or Share Codes** түймесін түртіңіз ([137-беттері «Reacts қатынасу кодтарыңызды қайта сатып алу немесе бөлісу»](#) бөлімін көріңіз).
 - c. Reacts тіркелгісімен байланысты эл-пошта мен құпиясөзді теріңіз.
 - d. Reacts платформасының сіздің кіру ақпаратыңызды есте сақтап, келесі рет автоматты түрде кіруді қалайтын болсаңыз, **Remember Me** және **Automatically Log In To Reacts** параметрін таңдаңыз.
 - e. **Log In** түймесін түртіңіз.
2. Reacts жүйесінен шығу үшін  түймесін түртіп, **Log Out**  түймесін түртіңіз.

Reacts контактілерін басқару

Reacts контактілеріңіз Reacts лицензиясымен синхрондалады, сол себепті Reacts қызметін бірнеше Lumify құрылғысына орнатқан болсаңыз, дәл сол Reacts тіркелгі деректері көмегімен Reacts контактілерін басқара аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін Reacts веб-сайтын (www.reacts.com) қараңыз.

Reacts контактілерін қосу, жою және іздеу

1.  түймесін түртіп, **Launch Reacts**  түймесін түртіп, **Contacts**  түймесін түртіңіз.
2. **Reacts Contacts** тізімінде төмендегілердің кез келгенін орындаңыз:
 - Контакт қосу үшін Lumify ұялы құрылғысында интернетке қатынасы бар екендігін тексеріп, мыналардың бірін орындаңыз:
 - Контактіде Reacts тіркелгісі болмаса,  түймесін түртіп,  түймесін түртіп, **Invite a new user to Reacts** диалог терезесінде Reacts тіркелгісімен байланысты контактінің эл-пошта мекенжайын теріп, **Send** түймесін түртіңіз. Reacts қолданбасына қосылу сұрауы берілген эл-поштаға жіберіледі.





- Контактінің Reacts тіркелгісі болса,  түймесін түртіп, **Search** өрісіне қосу керек контакт атын теріп, сіз терген кезде іздеу нәтижелерінен қажетті атты түртіңіз. **Pending**  күйі бар **Reacts Contacts** тізімінде контакт пайда болады. Контакт күйі туралы ақпаратты [141-беттегі «Reacts контактісінің күйі»](#) бөлімінен көріңіз.
- Контактіні жою үшін жою керек контактіні басып тұрып, **Yes** түймесін түртіңіз.
- Тізімінен контактіні іздеу үшін  түймесін түртіп, мыналардың бірін енгізіңіз:
 - Аты ғана
 - Тегі ғана
 - Эл-пошта мекенжайы ғана

Іздеу мәтініне бос орындарды қосуға болмайды. Сіз терген кезде пайда болатын нәтижелерді іздеңіз. Іздеу нәтижелерінде Reacts лицензияларының мерзімі біткен пайдаланушылар пайда болмауы мүмкін.

Reacts контактісінің күйі

Reacts Contacts тізімінде күй сипаттамасы мен контакт атынан кейінгі индикатор бар.

Reacts күйінің белгішелері





Күй	Сипаттама
Online 	Контакт қолжетімді және онымен Reacts сеансын бастай аласыз.
Offline 	Reacts сеансы үшін контакт қолжетімсіз.
Busy 	Reacts сеансында контакт белсенді және сіз бар Reacts сеансы үшін қолжетімсіз.
Pending 	Контакт сұрауыңызды қабылдамады және Reacts сеансы үшін қолжетімсіз.

Reactс контактісінің сұрауларына жауап беру

Reactс Contacts тізімінде пайда болған контактілер тізіміне қосуға қатысты басқа Reactс пайдаланушыларының сұраулары. Жауап беру үшін **Accept** немесе **Decline** түймесін түртіңіз.


Accept түймесін түртсеңіз, **Reactс Contacts** тізіміне контакт қосылады және сіз оларға қосыласыз.


Reactс сеансын іске қосу

1. Reactс платформасына кіріңіз ([139-беттегі «Reactс платформасына кіру және шығу» бөлімін көріңіз](#)).
2.  түймесін түртіп, **Contacts**  түймесін түртіңіз.
3. Қоңырау шалу керек белсенді контакт жанындағы  түймесін түртіңіз. Сіз қоңырау шалған контакт жауап берсе, Reactс сеансы белсенді болады.
4. Контакт жауап бермей тұрып қоңырауды аяқтау керек болса, **Cancel**  түймесін түртіңіз.

Reactс сеансын аяқтау

ЕСКЕРТПЕ

Толық экранды көріністе кейбір басқару құралдары қолжетімсіз. Толық экранды көріністен шығу үшін дисплейдің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз.




Reactс сеансын аяқтау үшін  түймесін түртіңіз.

Reacts көрсеткісін пайдалану

Reacts сеансы барысында кескіндегі аймаққа назар аудару үшін көрсеткіні пайдалана аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

Екі Lumify құрылғысы арасындағы Reacts сеансы барысында көрсеткі құралы қолжетімсіз.

1. Көрсеткіні қосу үшін тасымалданған кескінді түртіп, **Add a Pointer**  түймесін түртіңіз.
2.  көрсеткісін тасымалданған кескіндегі қалаған орынға сүйреңіз.
3. Көрсеткішті жою үшін тасымалданған кескінді түртіп, **Remove Pointer**  түймесін түртіңіз.

Reacts сеансының көріністері

Reacts сеансында қайта орналастыруға немесе жасыруға болатын мына көріністер болуы мүмкін:

- Құрылғыңыздың камерасының көрінісі
- Қашықтағы Reacts пайдаланушысының динамикалық бейне арнасы
- Lumify динамикалық ультрадыбыстық кескіндеуі


Reacts сеансының көріністерін қайта орналастыру





Reacts сеансы барысында дисплейдегі көріністерді үш аймаққа қайта орналастыра аласыз: негізгі ортаңғы көрініс және кішкентайырақ қосалқы көріністер.

Сеанс көрінісін жылжыту үшін көріністі қалаған аймаққа сүйреңіз. Осы аймақтағы алдыңғы көрініс келесі орынға сағат тілімен жылжиды.

Reactс қосалқы сеансының көріністерін көрсету және жасыру


ЕСКЕРТПЕ



Толық экранды көріністе кейбір басқару құралдары қолжетімсіз. Толық экранды көріністен шығу үшін дисплейдің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз.

- Қосалқы көріністерді жасыру үшін портрет бағдарында  түймесін түртіңіз. Альбом бағдарында  түймесін түртіңіз.
- Қосалқы көріністерді көрсету үшін портрет бағдарында  түймесін түртіңіз. Альбом бағдарында  түймесін түртіңіз.

Reactс сеансы барысында микрофон дыбысын өшіру

ЕСКЕРТПЕ

Толық экранды көріністе кейбір басқару құралдары қолжетімсіз. Толық экранды көріністен шығу үшін дисплейдің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз.



- Құрылғы микрофонын өшіріп, сеанс дыбысын өшіру үшін  түймесін түртіңіз.
- Құрылғы микрофонын қалпына келтіріп, сеанс дыбысын қосу үшін  түймесін түртіңіз.

Құрылғыңыздың камерасын бөлісу



АБАЙЛАҢЫЗ

Reacts тасымалы арқылы қашықтан қаралған кескіндер мен циклдер тек сілтеме үшін арналған және диагностикалық мақсаттар үшін пайдаланылмауы қажет.

- Құрылғы камерасының кескінін қашықтағы Reacts пайдаланушысымен бөлісу үшін тасымалданған кескінді түртіп, **Share Camera**  түймесін түртіңіз.
- Құрылғы камерасын бөлісуді тоқтату үшін тасымалданған кескінді түртіп, **Stop Camera Sharing**  түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Екі Lumify құрылғысы арасындағы Reacts сеансы барысында құрылғы камерасын бөлісу және сол уақытта Lumify ультрадыбыстық кескінін бөлісу қолжетімсіз.

ЕСКЕРТПЕ



Кескіндеу дисплейінің астында нашар байланыс хабары пайда болса, сеанс сапасы мен жауап бергіштігін жетілдіру үшін **Stop Camera Sharing** түймесін түртіңіз.

Lumify ультрадыбыстық кескініңізді бөлісу



АБАЙЛАҢЫЗ

Reacts тасымалы арқылы қашықтан қаралған кескіндер мен циклдер тек сілтеме үшін арналған және диагностикалық мақсаттар үшін пайдаланылмауы қажет.

- Reacts қашықтағы пайдаланушысымен Lumify ультрадыбыстық кескінің бөлісу үшін **Share Ultrasound**  түймесін түртіңіз. Бөлісу күйі кескіндеу дисплейінің жоғарғы сол жақ бұрышында пайда болады.
- Lumify ультрадыбыстық кескінің бөлісуді тоқтату үшін ультрадыбыстық кескінді түртіп, **Stop Ultrasound Share**  түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Екі Lumify құрылғысы арасындағы Reacts сеансы барысында құрылғы камерасын бөлісу және сол уақытта Lumify ультрадыбыстық кескінің бөлісу қолжетімсіз.

ЕСКЕРТПЕ

Кескіндеу дисплейінің астында нашар байланыс хабары пайда болса, сеанс сапасы мен жауап бергіштігін жетілдіру үшін **Stop Camera Sharing** түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Reacts сеансы барысында Lumify үйлесімді Android құрылғысын бұру қатырылған 2D кескіннің дисплейден жойылуына себеп болуы мүмкін. Кескінді қалпына келтіру үшін цикл уақыты сызығын немесе құрылғының айналдыру дөңгелегін реттеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Reacts сеансы барысында М режимінде кескіндеу кезінде Reacts ультрадыбысын бөлісуді басқару құралдарын көрсету үшін динамикалық М режимі кескінін түртіңіз. Қатырылған М режимі кескінін түрту Reacts ультрадыбысын бөлісуді басқару құралдарын көрсетпейді.

ЕСКЕРТПЕ

Reacts қашықтағы пайдаланушысы қашықтан тасымалданған кескіндерді жазуды сұраса, жазуды қосу үшін сұрауды қабылдауыңыз қажет.

6 Тексеруді орындау

Бұл бөлім әдетте емделуші тексерулерін жүйе арқылы орындауға пайдаланылатын процедуралар арқылы бағыттайды. Бұл процедураларға емделуші деректерін енгізу, кескіндерді алу және қарап шығу және өлшемдер мен есептеулер жасау әрекеттері кіреді.



АБАЙЛАҢЫЗ


Құрылғыны мекеменің қауіпсіздік саясаттарына сәйкес теңшеуге жауаптысыз. Үшінші тараптық қолданбалардың хабарландырулары мен ескертулері тексеруге кедергі келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Бастапқы жүйе сәтсіз аяқталатын тексерудің аяқталуын тексеру үшін критикалық тексерулері барысында сақтық көшірме жүйесінің бар болады. Сақтық көшірме жүйесі қолжетімсіз болса, емделушіні басқарудың стандартты протоколдарына сәйкес кез келген емделушіге тән клиникалық симптомдарды қарастырыңыз.

Жаңа тексерулерді бастау

1. **Scan/Create Patient** дисплейінде тексеру алдын ала орнатымын түртіңіз немесе алдын ала орнатым селекторы дөңгелегіндегі селекторды қажетті тексеру алдын ала орнатымына сүйреңіз.





Алдына орнатымды таңдау үшін дөңгелек селекторын сүйреу

2. Келесілердің бірін орындаңыз:

- Уақытша жылдам ИД жасау және сканерлеуді бірден бастау үшін **Scan** түймесін түртіңіз. Кескіндеу дисплейі пайда болып, сканерлеуді бастай аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін [119-беттегі «Жылдам тексерулерді бастау»](#) бөлімін көріңіз.
- Сканерлеуді бастау алдында емделуші туралы ақпаратты қолмен енгізу үшін **Create Patient** түймесін түртіңіз. Қосымша **Patient Info** өрістерін көрсету үшін **Show Detailed Form** параметрін таңдаңыз. Сканерлеуді бастау үшін **Start Exam** түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Тегі талап етіледі. Медициналық жазба нөмірін (MRN) енгізбесеңіз, жүйе тексеру үшін MRN жасайды. Жүйе емделуші дерекқорынан сәйкес MRN тапса, жүйе қалған **Patient Info** өрістерін аяқтайды.

3. Белгілі бір тексеруге арналған модальділік жұмыс тізімін іздеу үшін **Create Patient** түймесін түртіп, **Query MWL**  түймесін түртіңіз (151-беттегі «Жұмыс тізімінде іздеу» бөлімін көріңіз).
4. (Тек Android құрылғылары) Емделуші штрихкодын сканерлеу арқылы жүйеге деректерді енгізу үшін **Create Patient** түймесін түртіп, **Scan Barcode**  түймесін түртіңіз (121-беттегі «Құрылғы камерасын штрихкод сканері ретінде пайдалану (тек Android құрылғылары)» бөлімін көріңіз).

Жұмыс тізімінде іздеу


Patient Info пішінінде **Query MWL** параметрін пайдалану арқылы Модальділік жұмыс тізімінен (MWL) белгілі бір тексеруді іздей аласыз. MWL тексеруді іздеу алдында MWL серверімен байланысты теңшеуіңіз қажет (131-беттегі «Модальділік жұмыс тізімінің серверін қосу» бөлімін көріңіз).

Android құрылғылары

1. **Patient Info** пішініндегі **Query MWL**  түймесін түртіңіз.
2. Сұрау қажет MWL серверін таңдаңыз.
3. **Enter Advanced Query Information** диалог терезесінде мыналардың бірін орындаңыз:
 - Емделушіні **Patient Name**, **MRN**, **Accession #** немесе **Requested Procedure ID** бойынша іздеу үшін іздеу шарттарын теріңіз.
 - Барлық емделушілерді іздеу үшін барлық өрістерді бос қалдырыңыз.
 - Жүйеге бір немесе бірнеше таңбаны ауыстыруға немесе көрсетуге мүмкіндік беретін **Patient Name** немесе **MRN** өрісіне таңбаны (*) енгізу үшін **Insert Wildcard** түймесін түртіңіз. Мысалы, жүйеге 45678 (456781, 456782, 456783 және т.б.) деп басталатын барлық MRN қайтаруға мүмкіндік беру үшін **MRN** өрісіне 45678 деп теріп, **Insert Wildcard** түймесін түртіңіз.
4. **Search** түймесін түртіңіз.
5. Келесілердің кез келгенін орындаңыз:



- Қосымша жазбаларды көру үшін төмен қарай жанап өтіңіз.
 - **Query Results** параметрін сүзгілеу үшін **Search All Fields** түймесін түртіп, шарттарды теріңіз. Жүйеде шарттарға сәйкес нәтижелер көрсетіледі.
6. **Query Results** ішінен емделушіні таңдаңыз.

iOS құрылғылары

1. **Patient Info** пішініндегі **Query MWL** түймесін түртіңіз.
2. Сұрау қажет MWL серверін таңдаңыз.
3. **Query Results** диалог терезесінде мыналардың кез келгенін орындаңыз:
 - Емделушілер тізімін айналдыру үшін жоғары қарай жанап өтіңіз.
 - Емделушілер тізімін іздеу үшін **Search** терезесіне емделуші аты, MRN, қатынас нөмірі немесе сұралған процедура ИД сияқты іздеу шарттарын енгізіңіз.
 - Емделушілер тізімін жаңарту үшін  түймесін түртіңіз.
4. **Query Results** ішінен емделушіні таңдаңыз.

Тексерулер барысында алдын ала орнатымдарды өзгерту

Белсенді тексеру барысында алдын ала орнатымдарды өзгертуге болады.


1.  опциясын түртіңіз.
2. **Current Exam**  астындағы алдын ала орнатымды түртіңіз.

Емделуші деректерін өңдеу





ЕСКЕРТУ



Тексеруді аяқтаған соң емделуші ақпаратын өңдеу мүмкін емес. Тексеруді аяқтаған соң тек емделуші туралы ақпаратты көре аласыз. Алдыңғы тексерулер деректерін өңдеу мүмкін емес.

1.  түймесін түртіп, **Edit Patient Info** түймесін түртіңіз.
2. Өңдеу керек өрісті түртіп, мәтінді ауыстыру, енгізу немесе жою үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Қосымша **Patient Info** өрістерін көрсету үшін **Show Detailed Form** параметрін таңдаңыз.
3. **Save and Return** түймесін түртіңіз.

Сақталған тексерулерді қарап шығу




Сақталған тексерулерді қарап шыға аласыз.

1.  опциясын түртіңіз.
2. **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
3. Тізімнен тексеруді таңдаңыз. Тексеру **Review** режимінде ашылады.
4. **Review** дисплейінде мыналардың бірін орындаңыз:
 - Сақталған тексеруден кескіндерді жою үшін [188-беттегі «Кескіндер мен циклдерді жою»](#) бөлімін көріңіз.
 - Сақталған тексеруден кескіндер мен циклдерді экспорттау үшін [183-беттегі «Кескіндер мен циклдерді экспорттау»](#) бөлімін көріңіз.
 - Тексеруді экспорттау үшін [188-беттегі «Тексерулерді экспорттау»](#) бөлімін көріңіз.

5. **Review** дисплейінен шығып, ағымдағы тексеруге оралу үшін  түймесін түртіп, **Current Exam**  түймесін түртіңіз.

Кідірілген тексеруді жалғастыру

Тексеруден шықсаңыз немесе жүйені жапсаңыз, мыналардың кез келгенін орындау арқылы 24 сағат ішінде ашық тексеруге орала аласыз:

-  түймесін түртіп, **Current Exam**  түймесін түртіңіз.
- **Scan/Create Patient** дисплейінде  пайда болса, экранды сол жақтан оң жаққа жанап өтіңіз.

Кескіндеу режимдері



ЕСКЕРТУ

Lumify қолданбасын пайдаланып жатқанда құрылғыда бірнеше қолданбаны іске қосу құрылғының ресурсының қолданысын арттырып, кадр жылдамдығының төмендеуіне себеп болады. Құрылғы ресурсының қолданысын азайту және кадр жылдамдығын арттыру үшін құрылғыдағы барлық Lumify емес қолданбаларды жабыңыз.

ЕСКЕРТПЕ








L12-4 таратқышын пайдаланған кезде тереңдікті 3 см-ден аз шамаға реттеген кезде жүйе кескінді масштабтап, кескіннің кейбір бөліктері көрінбеуі мүмкін. Толық кескінді көру үшін бас бармақ пен сұқ саусақты қысыңыз.

Қолжетімді кескіндеу режимдері: 2D, Түс, M режимі және PW Допплер.

2D режимі

2D режимі — ең көп қолданылатын кескіндеу режимі. 2D режимінде кескін сұр шкалада көрсетіледі.

2D режимді пайдалану












1. Тексеруді бастаңыз. Жүйе 2D режиміне өтеді.
2. Басқару құралдары аймағындағы құралдар көмегімен кескінді оңтайландырыңыз. Қажет болса, бет индикаторын түртіңіз ( немесе ) немесе басқару құралдары беттерінің арасында жылжыту үшін жанап өтіңіз.
 - Кескін күшейтуін басқару үшін **Gain**  теру құралын реттеңіз.
 - Таратқыштың бетінен көрсетілетін кескіннің ең терең нүктесіне дейінгі қашықтықты арттыру не азайту үшін **Depth**  теру құралын пайдаланыңыз.
 - Акустикалық қуат шығысын арттыру немесе төмендету үшін **Power**  теру құралын пайдаланыңыз.
 - Кескіннің бөлігін толығырақ көру үшін, кескін аймағын ұлғайту үшін бас бармақ пен сұқ саусақты жайыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [159-беттегі «Масштабты ұлғайту»](#) бөлімін көріңіз.
 - Кескінді толық экранды көріністе көру үшін кескіннің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [160-беттегі «Толық экранды көрініс»](#) бөлімін көріңіз.
 - Кескіндегі ортаңғы сызықты көрсету үшін  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [160-беттегі «Ортаңғы сызықты көрсету»](#) бөлімін көріңіз.

Түс режимі

Түс режимінде 2D кескіндегі түс қорабы қабаттасады; оның өлшемі мен орнын 2D кескінде реттеуге болады. Түс қорабындағы ағын жылдамдығы мен бағыты бағыт үшін әр түрлі түстермен және жылдамдық үшін әр түрлі реңктермен көрсетіледі. Кескіндеу дисплейінің үстіңгі оң жақ бұрышындағы түс жолағында көрсетуге қолданылатын түстер.

Екі түс режимі қолжетімді: **Fast Flow** (артериялық ағынға арналған жоғары түсті шкала) және **Slow Flow** (веналық ағын үшін төмен түсті шкала).






Түс режимін пайдалану



1. 2D режимінде кескінді оңтайландырыңыз.
2. Қажет болса, бет индикаторын түртіңіз ( немесе ) немесе **Color Flow**  параметрін көрсету үшін жанап өтіңіз.
3. **Color Flow**  түймесін түртіп, **Fast Flow**  немесе **Slow Flow**  түймесін түртіңіз.
4. Зерттеу анатомиясына түс қорабын орналастыру үшін түс қорабын сүйреңіз. (Түс қорабының сыртына сүйресеңіз, кескінді панорамалаңыз.)
5. Түс қорабының өлшемін өзгерту үшін түс қорабының ішінде қысыңыз немесе жайыңыз. (Түс қорабының сыртын қыссаңыз немесе жайсаңыз, кескінді масштабтаңыз.)
6. Түс күшейтуін басқару үшін **Gain**  теру құралын реттеңіз.
7. Кескінді толық экранды көріністе көру үшін кескіннің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [160-беттегі «Толық экранды көрініс»](#) бөлімін көріңіз.
8. Кескіндегі ортаңғы сызықты көрсету үшін  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [160-беттегі «Ортаңғы сызықты көрсету»](#) бөлімін көріңіз.
9. Түсті кескіндеуден шығу үшін **Fast Flow**  немесе **Slow Flow**  түймесін түртіңіз.

М-режимі

М режимінде анатомия аймағының қозғалысы туралы ақпаратты біле аласыз. М режимінде талшық интерфейсінің орны немесе тереңдік тік осьпен бірге көрсетіледі және уақыт көлденең осьпен бірге көрсетіледі. Алдымен зерттеу анатомиясындағы 2D кескінге М сызығын орналастырыңыз. Одан кейін М режимі бақылауындағы жолмен қатар қозғалыс туралы ақпаратты көрсетуі мүмкін. Дегенмен, 2D кескінде көрсетілген М сызығындағы анатомия қозғалысы айналмалы дисплейді жасайды.

М режимін пайдалану





1. 2D режимінде кескінді оңтайландырыңыз.
2. 2D кескінде М сызығын көрсету үшін **MMode**  түймесін түртіңіз.
3. Зерттеу анатомиясына жылжыту үшін М сызығын сүйреңіз. М сызығын босатқан кезде М режимін бақылау басталады.
4. Келесі әдістердің кез келгенін пайдалану арқылы кескінді оңтайландырыңыз:
 - Кескін күшейтуін басқару үшін **Gain**  теру құралын реттеңіз.
 - Таратқыштың бетінен көрсетілетін кескіннің ең терең нүктесіне дейінгі қашықтықты арттыру не азайту үшін **Depth**  теру құралын пайдаланыңыз.
 - Акустикалық қуат шығысын арттыру немесе төмендету үшін **Power**  теру құралын пайдаланыңыз.
 - Кескіннің бөлігін толығырақ көру үшін, кескін аймағын ұлғайту үшін бас бармақ пен сұқ саусақты жайыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [159-беттегі «Масштабты ұлғайту»](#) бөлімін көріңіз.
 - Кескінді толық экранды көріністе көру үшін кескіннің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [160-беттегі «Толық экранды көрініс»](#) бөлімін көріңіз.


5. М режимі бақылауын қарап шығу үшін  түймесін түртіп, цикл уақыты сызығын алға немесе артқа айналдыру үшін сүйреңіз.
6. М режимінен шығу үшін **MMode**  түймесін түртіңіз.

PW Допплер

Импульстік толқынды (PW) Допплер — PW сынама көлеміндегі жылдамдықты өлшейтін және аудио шығысы бар спектрлік бақылау жолында осы ақпаратты көрсететін Допплер.

PW Допплерін пайдалану

1. 2D режимінде кескінді оңтайландырыңыз.
2. **PW**  түймесін түртіңіз.
3. Сынама көлемі қақпасын орналастыру үшін саусағыңызды пайдаланыңыз.
4. Сынама көлемі қақпасын реттеу үшін мынаның бірін орындаңыз:
 - Сынама көлемі қақпасының өлшемін реттеу үшін **SV Size** ішіндегі **+** немесе **-** түймесін түртіңіз.
 - Сынама көлемі қақпасының бұрышын реттеу үшін **Steer** (тек сызықтық таратқыштар) түймесін түртіңіз.
 - Ағын бұрышын реттеу үшін, **60, 0** және **60** арасында ауыстыру үшін **SV Angle** түймесін түртіңіз.
5. Спектрлік бақылау жолын көрсету үшін  немесе **PW**  түймесін түртіңіз.
6. Допплер сигналын анық есту үшін ұялы құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.
7. Келесі әдістердің кез келгенін пайдалану арқылы кескінді оңтайландырыңыз:
 - Күшейту, шкала және негізгі жол сияқты реттеулерді автоматты оңтайландыру үшін **iSCAN**  түймесін түртіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін **163-беттері «iSCAN Intelligent Optimization»** бөлімін көріңіз.

- Күшейтуді қолмен реттеу үшін **Gain** параметрін пайдаланыңыз.
 - Шкаланы қолмен реттеу үшін **Scale** параметрін пайдаланыңыз.
 - Негізгі жолды жылжыту үшін негізгі жолды қажетті орынға сүйреңіз.
 - Жанап өту жылдамдығын өзгерту үшін **Sweep Speed** түймесін түртіңіз.
 - Спектрлік бақылау жолын ауыстыру үшін  түймесін түртіңіз.
8. Допплер бақылауын қарап шығу үшін кескінді қатырып, саусағыңызды цикл уақыты сызығы бойымен солға немесе оңға сүйреңіз.
 9. PW Допплерден шығу үшін **PW** түймесін түртіңіз.

Кескіндеу мүмкіндіктері

Жүйе емделушіні кескіндеу кезінде жетілдірілген кескіндеу мүмкіндігін және үздік икемділікті қамтамасыз ететін кескіндеу мүмкіндіктерін ұсынады.

AutoSCAN

AutoSCAN параметрі 2D кескін жарықтығын әдепкі күшейтуде автоматты түрде және үздіксіз оңтайландырады. AutoSCAN үнемі қосұлы.

Масштабты ұлғайту

Масштабты ұлғайту көмегімен жақынырақ тексеру үшін кескіндегі зерттеу ауданын ұлғайтуға болады.



Бас бармақ пен сұқ саусақ көмегімен кескіннің белгілі бір аймағын кеңейту үшін жайыңыз немесе қысқарту үшін қысыңыз. Кескінді түртіп, үлкейтілген кескінді панорамалау немесе жылжыту үшін саусақты жылжытыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Түс қорабында алыстатсаңыз немесе жақындатсаңыз, масштабтау орнына түс қорабының өлшемін өзгертіңіз.



Толық экранды көрініс

Lumify ішінде толық экранды көріністе (оның ішінде **Review** режимінде) динамикалық немесе қатырылған кескіндер көрсетілгенін білдіре аласыз.

1. Кескінді толық экранды көріністе көру үшін кескіннің төменгі оң жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз.
2. Қалыпты көріністі қалпына келтіру үшін  түймесін түртіңіз.

Ортаңғы сызықты көрсету

Сканерлеу барысында немесе кескін қатып қалғанда кескіндеу аймағында ортаңғы сызықты көрсете аласыз. Ортаңғы сызық алынған кескіндерге немесе циклдерге қосылған.

Ортаңғы сызықты көрсету үшін кескіндеу дисплейінің төменгі сол жақ бұрышындағы  түймесін түртіңіз. Ортаңғы сызықты жасыру үшін  түймесін қайта түртіңіз.


B-Lines және Lumify B-Lines мүмкіндігі (тек Android құрылғылары)

Бұл бөлімде B-Lines және Lumify B-Lines мүмкіндігі сипатталған.

B-Lines мүмкіндігіне шолу (тек Android құрылғылары)

Дыбыс толқындары ауа мен су қоспасымен соқтығысқан кезде B-Lines сызықтары пайда болады. Олар — өкпе тексеруінде өкпеқап сызығынан басталатын және ультрадыбыстық кескін ұзындығымен тігінен созылатын ендері әртүрлі таспалар ретінде пайда болатын

гиперэхогенді кескіндеу артефактілері. Өкпе тексеруінде B-Lines сызықтарының болуы өкпе жағдайларының алуан түрлерін (мысалы, пневмония, өкпе ісінуі, өкпенің контузиясы және жедел тыныс жетіспеушілігі синдромы) көрсетуі мүмкін.




B-Lines сызықтарының мысалы

Lumify B-Lines мүмкіндігі

Lumify B-Lines мүмкіндігі кеуде мен арқаның үстіңгі жағының ең көбі 12 алдын ала анықталған сегментінің әрқайсысынан B-Lines сызықтарын санайды (B-Lines сызықтары **Summary** ішінде **Front** және **Back** деп белгіленген). Бір немесе бірнеше сегментті таңдағаннан немесе сканерлегеннен кейін, ең көп әсер етілген аймақтарды анықтауға көмектесу үшін әрбір сегменттен саналған B-Lines сызықтары ауқымының қабаттасуымен

алды мен артының визуалды көрсетілімін көре аласыз. B-Lines сызықтары **Summary** дисплейі туралы қосымша ақпаратты [176-беттегі «Нәтижелерді көру \(тек Android құрылғылары\)»](#) ішінен қараңыз.




B-Line сызығының нәтижелері бар алдын ала анықталған өкпе сегменттерінің қорытындысы

Lumify B-Lines мүмкіндігінің талдауын көру


Lumify B-Lines мүмкіндігінің талдауы мыналармен қоса B-Line сызығының өкпе тексерулерін орнату және орындау жолының негізгі оқулығын қамтамасыз етеді:

- Сканерленетін өкпе сегменттерін таңдау
- Циклдер мен кескіндерді алу
- Тексеру нәтижелерін қарап шығу

B-Lines мүмкіндігін алғаш іске қосқанда талдау автоматты түрде басталады. Кез келген уақытта талдауды қайта көру үшін  түймесін түртіңіз.

Қадамдық нұсқаулықты аяқтау үшін тексеруге оралып, **Skip** түймесін басыңыз.

iSCAN Intelligent Optimization


iSCAN Intelligent Optimization  функциясы Допплер көрсеткіштерін алу барысында негізгі кескіндеу параметрлерін автоматты оңтайландыру үшін пайдаланылады. Допплер iSCAN оңтайландыру функциясы Допплер негізгі жолы мен шкаласын реттейді. Таңдалған алдын ала орнатымдарда Допплер iSCAN функциясы күшейтуді реттейді.

Кескіндерді алу

ЕСКЕРТПЕ


Барлық сақталған кескіндер мен циклдер алынған уақыт белдеуінде күн мен уақыт көрсетіледі.


Ағымдағы тексеруден қозғалмайтын кескінді алуға және сақтауға болады. Алынған кескін емделуші тексеруіне сақталады және оның нобайы **Review** дисплейінде қолжетімді.

Save Image  түймесін түртіңіз. Кескінді алу аяқталған кезде жүйеден дыбыстық сигнал шығады.

Циклдерді алу

Ағымдағы тексеруден циклді алуға және сақтауға болады. Алынған цикл емделуші тексеруіне сақталады және оның нобайы **Review** дисплейінде қолжетімді.



- Android құрылғылары: Қарап шығу режиміндегі циклдерде нобайдың төменгі оң жақ бұрышында  белгішесі бар.

- iOS құрылғылары: Қарап шығу режиміндегі циклдерде нобайдың ортасында  белгішесі бар.

ЕСКЕРТПЕ

Барлық сақталған кескіндер мен циклдер алынған уақыт белдеуінде күн мен уақыт көрсетіледі.

Жүйе циклдерді күткендей алады. **Settings** ішінде цикл ұзақтығын көрсете аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін [101-беттегі «Жүйе параметрлері»](#) бөлімін көріңіз.

Динамикалық кескіндеу барысында циклді алу үшін **Save Loop**  түймесін түртіңіз. Көрсеткіштер алуды тоқтату үшін **Save Loop**  түймесін түртіңіз.





Жүйеден дыбыстық сигнал шығады және цикл сақталған кезде кескіндеу дисплейінде растау мәлімдемесі пайда болады.



Аңдатпа

2D және Түсті қатырылған режимде аңдатпа мүмкіндігі қолжетімді.

Белгілер қосу

Анатомиялық құрылымдар мен орындарды анықтау үшін кескінге мәтін белгішелерін орналастыруға болады.

1. Аңдатпа жазу керек кескінді алып,  түймесін түртіңіз.
2. Қажет болса, бет индикаторын түртіңіз ( немесе ) немесе **Annotate**  көрсету үшін жанап өтіңіз.

3. **Annotate**  түймесін түртіңіз.
4. Белгіні теру үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Сіз теріп жатқан әріптердің сол және оң жағында автоматты сөздер пайда болады. Белгіңізге қосылатын автоматты сөзді баса аласыз.
5. Белгіні кескіндеу аймағындағы орынға сүйреңіз.
6. Белгіні өңдеу үшін мыналарды орындаңыз:
 - a. Белгіні түртіңіз. Оның астында сызық пен пернетақта пайда болады.
 - b. Белгідегі бастапқы нүктені түртіп, теруді бастаңыз немесе әріптерді өшіру үшін Backspace пернесін түртіңіз.
 - c. Аңдатпадан шығу үшін кескіндеу аймағының кез келген жерін түртіңіз.
7. Белгіні жою үшін мыналарды бірін орындаңыз:
 - Белгіні басып тұрыңыз.  түймесін пайда болған кезде түртіңіз.
 - Белгіні түртіп, мәтінді жою үшін құрылғы пернетақтасын пайдаланыңыз.
8. Барлық аңдатпаны жою үшін **Clear All** түймесін басыңыз.

Өлшем мен талдау




Ультрадыбыстық жүйеде өлшемдерге қолдау көрсетіледі. Өлшем құралдары экранда пайда болады. Экрандағы құрал белгісін түрту құралды іске қосады.

Өлшеу дәлдігі кейде оператордың мүмкіндігіне байланысты болады.

2 өлшемді қашықтық өлшемін орындау



2 өлшемді аралық өлшемі екі нүкте арасындағы тік сызықтың ұзындығы өлшеу үшін екі кронциркульдерді пайдаланады. Бір уақытта ең көбі төрт қашықтық өлшемін жасай аласыз. Өлшемді тиісті калибрлерімен анықтауға көмектесу үшін әрбір қашықтық өлшемінде бір пішіндес калибрлер жинағы қолданылады.

2D қашықтықты өлшеу құралын пайдаланған кезде кескінді масштабтау үшін екі рет түртіңіз. Кескін қатырылғанда немесе тексеру аяқталғанда жүйе ондағы өлшемдерді жояды. Кескіндегі өлшемді сақтау үшін оны алыңыз (163-беттегі «Кескіндерді алу» бөлімін көріңіз).

1. Өлшегіңіз келетін 2D кескінді қамтып,  түймесін түртіңіз.
2. **Measure**  түймесін түртіңіз.
3. Мәзірден **Distance**  түймесін түртіңіз. Кескіннің үстінде **Distance** сөзі мен бастапқы мәні пайда болады.
4. Бірінші калибрді түртіп, оны орнына сүйреңіз.
5. Екінші калибрді түртіп, оны орнына сүйреңіз. Нәтижелер кронциркуль өзгертулері арасындағы аралық ретінде жаңартылады.

ЕСКЕРТПЕ




Өлшем калибрін кескін аймағынан тыс сүйресеңіз, калибр жойылуы мүмкін. Калибр орнын қалпына келтіру үшін **Measure** түймесін түртіп, **Clear All** түймесін түртіп, **Measure** түймесін түртіп, **Ellipse** немесе **Distance** өлшемін қайта қосыңыз.

6. Қосымша қашықтық өлшемдерін қосу үшін 2–5 қадамдарын қайталаңыз. Кескінге ең көбі төрт қашықтық өлшемін қосуға болады.
7. Кескінді көрсетілген өлшемдермен сақтау үшін **Save Image**  түймесін түртіңіз.
8. Өлшемдерді жою үшін **Clear All**  түймесін түртіңіз.

2D эллипс өлшемін орындау



2D эллипс өлшемінде эллипс аймағы мен ауданын анықтау үшін эллипс калибрі қолданылады.

2D эллипсті өлшеу құралын пайдаланған кезде кескінді масштабтау үшін екі рет түртіңіз. Кескін қатырылғанда немесе тексеру аяқталғанда жүйе ондағы өлшемдерді жояды. Кескіндегі өлшемді сақтау үшін оны алыңыз ([163-беттегі «Кескіндерді алу»](#) бөлімін көріңіз).

1. Өлшегіңіз келетін 2D кескінді қамтып,  түймесін түртіңіз.
2. **Measure**  түймесін түртіңіз.
3. Мәзірден **Ellipse**  түймесін түртіңіз. Кескіннің үстінде **Area** және **Circumference** сөзі бастапқы мәндерімен бірге пайда болады.
4. Басқару нүктелері көмегімен эллипсті кескіндеу аймағындағы орнына сүйреңіз. Эллипсті орнына жылжытқан кезде нәтижелер жаңарады.

ЕСКЕРТПЕ

Өлшем калибрін кескін аймағынан тыс сүйресеңіз, калибр жойылуы мүмкін. Калибр орнын қалпына келтіру үшін **Measure** түймесін түртіп, **Clear All** түймесін түртіп, **Measure** түймесін түртіп, **Ellipse** немесе **Distance** өлшемін қайта қосыңыз.

5. Кескінді көрсетілген өлшемдермен сақтау үшін **Save Image**  түймесін түртіңіз.
6. Өлшемді жою үшін **Clear All**  түймесін түртіңіз.

PW Допплерінің өлшемдері

PW Допплерінің үш жанап өту жылдамдығы барлық алдын ала орнатымдарда қолжетімді. Жанап өту жылдамдықтары кардиологиялық алдын ала орнатымдарда жоғары болады.

Жанап өту жылдамдықтары

Жылдамдық	Кардиологиялық	Кардиологиялық емес
Жылдам	2 секунд	3 секунд
Орташа	3 секунд	5 секунд
Баяу	5 секунд	8 секунд

Lumify жүйесіндегі PW Допплерінің өлшемдері келесі санаттарға бөлінеді:

- Жылдамдық өлшемдері
- Аралық өлшемдері
- Бақылау жолының өлшемдері

Өлшем қысқартулары мен акронимдері

Өлшем	Анықтама	Өлшем	Анықтама
EDV	Соңғы диастола жылдамдығы	PSV	Ең жоғарғы систола жылдамдығы
MaxPG	Максималды қысым градиенті	RI	Кедергі индексі
MDV	Минималды диастола жылдамдығы	S/D	Систола мен диастола қатынасы
MeanPG	Орташа қысым градиенті	Vmax	Максималды жылдамдық
P½t	Қысымның жартысы	VTI	Жылдамдық-уақыт интегралы
PG	Ең жоғарғы қысым градиенті		

Әр өлшемді аяқтағаннан кейін көрінетін өлшем деректері келесі кестеде көрсетілгендей тексеру алдын ала орнатымы негізінде өзгеріп отырады:

Әр тексеру алдын ала орнатымы үшін қолжетімді PW Допплер өлшемдері

Тексеру алдын ала орнатымы	Жылдамдық өлшемдері	Қашықтық өлшемдері	Бақылау жолының өлшемдері
Кардиологиялық	Жылдамдық, PG	Уақыт, еңіс, P½t	Vmax, MaxPG, MeanPG, VTI

Тексеру алдын ала орнатымы	Жылдамдық өлшемдері	Қашықтық өлшемдері	Бақылау жолының өлшемдері
OB/GYN	Жылдамдық	PSV, EDV, S/D, RI	PSV, EDV, MDV, S/D, RI
Қантамыр	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI, VTI
FAST	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI
Іш	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI
Өкпе	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI
MSK	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI
Жұмсақ талшық	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI
Сыртқы	Жылдамдық	PSV, EDV, RI	PSV, EDV, MDV, RI

Жылдамдық өлшемдерін орындау

1. Өлшеу қажет Допплер бақылау жолының кескінін түсіріңіз.
2. **Measure** түймесін басыңыз.
3. **Velocity** түймесін түртіп, калибрді өлшеу қажет жылдамдықтың ең жоғарғы мәніне сүйреңіз.
4. 3-қадамды төрт бөлек жылдамдық өлшеміне дейін қайталаңыз.
5. Кескінді көрсетілген өлшемдермен сақтау үшін **Save Image** түймесін түртіңіз.

Қашықтық өлшемдерін орындау

1. Өлшеу қажет Допплер бақылау жолының кескінін түсіріңіз.
2. **Measure** түймесін басыңыз.
3. **Distance** түймесін түртіп, бірінші калибрді ең жоғарғы систола жылдамдығына (PSV) сүйреңіз.

4. Екінші калибрді соңғы диастола жылдамдығына (EDV) сүйреңіз.
5. Кескінді көрсетілген өлшемдермен сақтау үшін **Save Image** түймесін түртіңіз.

Бақылау жолы өлшемдерін орындау

1. Өлшеу қажет Допплер бақылау жолының кескінін түсіріңіз.
2. **Measure** түймесін басыңыз.
3. **Trace** түймесін түртіп, бірінші калибрді өлшеу қажет сигнал пішінінің басына сүйреңіз.
4. Екінші калибрді жасау үшін сигнал пішінінің басын қайта түртіп, жаңа калибрді жалғыз цикл пішіні үстіне сүйреңіз.
5. Кескінді көрсетілген өлшемдермен сақтау үшін **Save Image** түймесін түртіңіз.

Өлшем дұрыстығы

Ультрадыбыстық кескіндерде өлшемдер жасау ультрадыбыс жүйе пайдалануға болады. Одан кейін өлшемдер диагноз жасау үшін басқа клиникалық деректермен пайдаланылады.

Өлшемдер негізінде диагноз жасау ұсынылмайды. Ультрадыбыстық кескіндеу жүйесінің сандық деректерін пайдалану кезінде бірнеше факторларды ескеру керек. Осы факторларды мұқият талдау әрбір өлшем дұрыстығы кескін сапасына тәуелді екендігін көрсетеді. Кескін сапасы жүйе дизайнына, оператордың сканерлеу техникасына, жүйе басқару құралдарымен таныстыққа және көбінесе емделуші эхогенділігіне тәуелді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Жүйе пайдаланушылары кескін сапасы мен диагностика үшін жауапты. Талдау мен диагностика үшін қолданылып жатқан деректерді тексеріп, деректердің қолданылып жатқан өлшеу тәсілі үшін кеңістік пен уақыт үшін жеткілікті екенін тексеріңіз.

Өлшем дұрыстығының кестелері

2D өлшем ауқымы және дұрыстығы

Өлшем	Дұрыстығы	Ең жоғары ауқым
Осьтік қашықтық	< $\pm 2\%$ не 2 мм	> 30,0 см үшін 0,001
Көлденең қашықтығы	< $\pm 2,5\%$ не 3 мм	> 40,0 см үшін 0,001
Диагональ қашықтығы	< $\pm 2\%$ не 2 мм	> 32,0 см үшін 0,001

M режимі өлшемі ауқымы және дұрыстығы

Өлшем	Дұрыстығы	Ауқым
Тереңдік	< $\pm 2\%$ не 1 мм	0,003 және >29.8 см аралығы
Уақыт	< $\pm 2\%$ уақыт немесе 4 мс өлшем	0,002 және >22,7 с аралығы
Еңіс	$\leq \pm 0,2$ см/сек немесе $\pm 1\%$	--

PW Допплер өлшемінің ауқымы және дұрыстығы

Өлшем	Дұрыстығы	Ауқым
Жылдамдық өлшемі	< $\pm 3\%$ толық шкала	0,1–350 см/с
Уақыт айырмашылығы	$\pm 1\%$ жалпы уақыт шкаласы	10 мс – > 8 с
















Ұрық талдауын орындау (тек Android құрылғылары)

Ағымдағы тексеруден ұрық талдауын орындай аласыз. Емделуші тексеруіне **Fetal Age Summary** параметрі сақталады және **Review** дисплейінде қолжетімді ([182-беттегі «Ұрық жасы қорытындысын көру \(тек Android құрылғылары\)»](#) бөлімін көріңіз).






АБАЙЛАҢЫЗ

Реттелетін өлшемдер мен есептеулерге және теңдеулерге енгізілген элементтер дұрыстығына тек сіз жауаптысыз.

1. Қажет болса, бет индикаторын түртіңіз ( немесе ) немесе **Fetal Age**  көрсету үшін жанап өтіңіз.
2. **Fetal Age**  түймесін түртіңіз.
3. Өлшегіңіз келетін 2D кескінді қамтып,  түймесін түртіңіз.
4. Жүйе анықтаған ұрық жасын немесе өсім өлшемін түртіңіз.
5. **HC**  және **AC**  үшін басқару нүктелері көмегімен эллипсті көрсетілген кескіндегі орнына сүйреп, **Confirm Measurement**  түймесін түртіңіз.
6. **FL** , **BPD**  және **CRL**  үшін калибрлерді көрсетілген кескіндегі орнына сүйреп, **Confirm Measurement**  түймесін түртіңіз.
7. **Sac Diam**  үшін:
 - a. **Sac Diam1** түймесін түртіп, калибрлерді көрсетілген кескіндегі орнына сүйреп, **Confirm Measurement** түймесін түртіңіз.
 - b. **Sac Diam2** түймесін түртіп, калибрлерді көрсетілген кескіндегі орнына сүйреп, **Confirm Measurement** түймесін түртіңіз.
 - c.  түймесін түртіп, үшінші өлшем үшін қажет 2D кескінін алып,  түймесін түртіңіз.
 - d. **Sac Diam3** түймесін түртіп, калибрлерді көрсетілген кескіндегі орнына сүйреп, **Confirm Measurement** түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Өлшем калибрін кескін аймағынан тыс сүйресеңіз, калибр жойылуы мүмкін. Калибр орнын қалпына келтіру үшін **Measure** түймесін түртіп, **Clear All** түймесін түртіп, **Measure** түймесін түртіп, **Ellipse** немесе **Distance** өлшемін қайта қосыңыз.

8. **LMP/EDD**  үшін күнтізбеден **EDD** күнін таңдаңыз. Таңдау негізінде **LMP(c)** күні автоматты түрде есептеледі.
 - Келесі немесе алдыңғы апталарды немесе айларды ауыстыру үшін күнтізбеден жоғары немесе төмен қарай жанап өтіңіз.
 - **LMP/EDD** өлшемін сақтау үшін **OK** түймесін түртіңіз.
 - **LMP/EDD** өлшемін сақтамай **Fetal Age** мәзіріне оралу үшін **Skip** түймесін түртіңіз.
9. **Fetal Age Summary** параметрін жаю немесе жию үшін портрет бағдарында  немесе  түймесін түртіңіз.

Тексеруді аяқтау




АБАЙЛАҢЫЗ

Жаңа тексеруді бастамас бұрын ағымдағы тексеруді сәтсіз аяқтау деректердің қате емделуші атының астында алынуына және сақталуына әкелуі мүмкін. Егер жүйені тексеруді аяқтамай өшіретін болсаңыз, жүйе өшірілмес бұрын тексеруді тоқтата тұрады.

Тексеруді экспорттау немесе тексеруден кескіндерді эл-поштамен жіберу алдында тексеруді аяқтауыңыз қажет. Қарап шығу режимінде тексеруді аяқтау мүмкін емес.

Жүйе ағымдағы тексеру деректерін сақтамайынша тексеруді аяқтай алмайсыз. (Кескінге түсіру кезінде тексеру деректері жүйе арқылы сақталады.) Тексеруді аяқтау барлық тексеру деректерін сақтап, **Patient Info** пішінін тазалап, келесі тексеруді дайындайды.

Жүйе 24 сағаттан ұзақ уақыт ашық болса, ол тексеруді автоматты түрде аяқтайды. Кескіндерді аяқталған тексеруге қосу мүмкін емес.

Тексеру аяқталса, кескіндеу дисплейінің үстінен **End Exam**  түймесін түртіңіз.

Lumify B-Lines мүмкіндігін пайдалану (тек Android құрылғылары)




Бұл бөлімде емделушінің ықтимал өкпе патологиясы аймақтарын анықтау және бағалау үшін Lumify B-Lines мүмкіндігін пайдалану процесі баяндалған.


B-Lines тексерісін орындау (тек Android құрылғылары)

ЕСКЕРТПЕ





Lumify B-Lines мүмкіндігі Lumify сызықтық көрсеткі (L12-4) және сектор көрсеткісі (S4-1) таратқыштарымен ғана пайдалануға қолжетімді.


B-Lines мүмкіндігіндегі циклдің әдепкі ұзақтығы — 3 секунд (90 кадр). Циклдің минималды ұзақтығы — 1секунд (30кадр).

1. **Scan/Create Patient** дисплейінде **Lung**  тексеру алдын ала орнатымын түртіңіз немесе алдын ала орнатым селекторы дөңгелегіндегі селекторды **Lung**  күйіне сүйреңіз.
2. **Scan** түймесін түртіңіз.
3. Кескіндеу дисплейінде **B-Lines**  түймесін түртіңіз.
4. B-Lines сызықтары **Summary** дисплейінде **Front** және **Back** диаграммаларын пайдаланып бірінші сканерлеу қажет өкпелердің сегментін (мысалы, **R1**) түртіңіз.




Өкпе сегментін таңдау

5. Таңдалған сегментке сәйкес аймақта өкпені сканерлеп, сканерлеу кескінін немесе циклін сақтаңыз. Цикл немесе кескін сегментке тағайындалады. Сканерлеу барысында B-Lines индикаторлары кейде кескін астындағы анықтамалық сызықтан төмен қарай созылуы мүмкін. Сканерлеу барысында ұялы құрылғыны бұру **Summary** дисплейінің көрінуіне себеп болуы мүмкін.
6. Сканерлетін басқа сегментті таңдау үшін келесінің бірін орындаңыз:
 - Тек циклдер үшін **Auto Advance**  түймесін түртіңіз. Циклді сақтағаннан кейін сіз автоматты түрде келесі сегментке өтесіз.
 - **Summary**  түймесін түртіп, диаграммадан жаңа сегментті таңдаңыз.
 - Келесі сегментке өту үшін  түймесін түртіңіз немесе алдыңғы сегментке оралу үшін  түймесін түртіңіз.
7. Сақталған кескінді немесе циклді қайта алу үшін:

- a. B-lines **Summary** дисплейінде өзгерту қажет кескіннен немесе циклден тұратын сегментті таңдаңыз.
 - b. Өзгерту қажет кескінді немесе циклді түртіңіз.
 - c. Тексеріске оралу үшін **RE-TAKE** түймесін түртіп, таңдалған аймақты сканерлеп, жаңа кескінді немесе циклді таңдаңыз. Жаңа кескін немесе цикл таңдалған біреуін ауыстырады.
8. Тексеруді аяқтау үшін **End Exam**  түймесін түртіңіз. Кескіндеу дисплейінде жүйе сізге нәтижелерді қарап шығу үшін B-Lines сызықтары **Summary** дисплейіне өтуді ұсынады.

Нәтижелерді көру (тек Android құрылғылары)

Тексеру барысында немесе Қарап шығу режимінде болғанда B-Lines сызықтары **Summary** дисплейін ашу үшін **Summary**  түймесін түртіңіз.



B-Lines сызықтары қорытындысы


B-Lines сызықтары **Summary** дисплейінде әрбір өкпе сегментінде саналған B-Lines сызықтарының ең көп саны көрсетіледі. Жеке сегменттегі үштен аса B-Line өкпе патологиясы қаупінің артқанын көрсетеді. Lumify жүйесі саналған B-Lines сызықтары санына байланысты әрбір сегментке түс кодын тағайындайды.

Өкпе сегментінен саналған B-Lines сызықтары санының түс кодтары

Түс	B-Lines сызықтарының саны
Жасыл	0
Қызғылт сары	1–2
Қызыл	3 немесе одан көп

Жеке талдауыңызға байланысты кез келген сегментке жазылған B-Lines сызықтары санын қолмен өзгерте аласыз. Сегмент үшін B-Lines сызықтарының ең үлкен санын өзгерту үшін [178-беттегі «B-Line тексерісін қарап шығу \(тек Android құрылғылары\)»](#) бөлімін қараңыз.

Оңайырақ анықтау үшін дисплейдегі B-Line индикаторлары әрбір сақталған цикл мен кескіннен B-Lines сызықтарын көрсетеді. Қарап шығу режимінде циклдер мен кескіндерде B-Line индикаторларын жасыруға болады. Сақталған циклдер мен кескіндерде B-Line индикаторларын жасыру үшін [178-беттегі «B-Line тексерісін қарап шығу \(тек Android құрылғылары\)»](#) бөлімін қараңыз.






B-Lines сызықтарының мысалы

B-Line тексерісін қарап шығу (тек Android құрылғылары)

Lumify B-Lines мүмкіндігі әрбір сақталған циклдегі немесе кескіндегі B-Lines сызықтарын автоматты түрде көрсетіп, санайды. Қарап шығу режимінде B-Lines сызықтары болуын қолмен анықтап, жазуға болады.




B-Line индикаторларын жасыру немесе көрсету

Қарап шығу режимінде тексерудегі барлық циклдер мен кескіндер үшін B-Line индикаторларын жасыруға немесе көрсетуге болады.

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Қарап шығу қажет B-Line тексеруін таңдаңыз.
3. **Show B-Lines** параметрін таңдаңыз немесе таңдаудан алыңыз.
4. Қарап шығудан шығу үшін  түймесін түртіңіз.

B-Line санын өзгерту

Кез келген өкпе сегменті үшін **Summary** дисплейінде көрсетілген B-Lines сызықтарының ең үлкен санын қолмен өзгертуге болады. Өзгерістер **Summary** кескіні мен сақталған циклдерге және кескіндерге қолданылады.

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Қарап шығу қажет B-Line тексеруін таңдаңыз.
3. Өзгерту қажет сегментпен байланыстырылған циклді немесе кескінді таңдаңыз.
4. Сегменттен саналған B-Lines сызықтары санын арттыру немесе азайту үшін **Edit Max** басқару құралын пайдаланыңыз.
5. Өзгерту қажет әрбір сегмент үшін осы процедураны қайталаңыз.
6. Қарап шығудан шығу үшін  түймесін түртіңіз.

B-Line тексерістерін экспорттау (тек Android құрылғылары)

B-Line тексеруін экспорттаған кезде тексерумен **Summary** дисплейінің кескіні қосылады. Тексерудегі әрбір кескін мен цикл сканерленетін өкпе сегментін көрсетеді.





Тексеруді орындау

7 Қарап шығу

Review дисплейінде ағымдағы тексеруден немесе сақталған тексерулерден кескіндер мен циклдерді көруге және жоюға болады. Сонымен қатар, Қарап шығу дисплейінен кескіндерді экспорттауға немесе эл-поштамен жіберуге болады. Тексеруді экспорттау немесе тексеруден кескіндерді эл-поштамен жіберу алдында тексеруді аяқтауыңыз қажет. Қарап шығу режимінде тексеруді аяқтау мүмкін емес.





Тексеру барысында қарап шығуды бастау

Тексеру барысында қарап шығуды бастау үшін:

1.  түймесін түртіп, **Review Exam**  түймесін түртіңіз.
2. **Review** терезесінен шығып, ағымдағы тексеруге оралу үшін  түймесін түртіп, **Current Exam**  түймесін түртіңіз.

Тексеруден кейін қарап шығуды бастау

Scan/Create Patient дисплейінен Қарап шығуды бастау үшін:

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Тексеруді көру үшін тізімнен оны таңдаңыз.
3. **Review** дисплейінен шығып, **Scan/Create Patient** дисплейіне оралу үшін  түймесін түртіп, **Current Exam**  түймесін түртіңіз.


Нобайлар мен кескіндерге өту

Review режимінде экран бағдарына байланысты **Review** дисплейінің бүйір немесе төменгі жағында *нобайлар* деп аталатын кішкентай кескіндер пайда болады. Бұл нобайлардан бір немесе бірнеше кескінді және циклді бастапқы пішімінде көрсетуге болады.



- Толық өлшемді кескінді немесе циклді көру үшін нобайды түртіңіз.
- Қолжетімді нобайларды айналдыру үшін экран бағдарына байланысты нобайларды солға немесе оңға не жоғары немесе төмен сүйреңіз.

Ұрық жасы қорытындысын көру (тек Android құрылғылары)

Review режимінде тексеру барысында ұрық талдауы орындалса, **Review** дисплейінің үстіңгі оң жақ бұрышында **Summary** беті пайда болады.

1. **Fetal Age Summary** параметрін көру үшін **Summary**  түймесін түртіңіз.
2. **Fetal Age Summary** дисплейін жауып, **Review** дисплейіне оралу үшін **Done** түймесін түртіңіз.

Циклдерді ойнату

1. Цикл нобайын түртіңіз.
 - Android құрылғылары: Циклдер нобайдың төменгі оң жақ бұрышында орналасқан  белгішесімен анықталады.
 - iOS құрылғылары: Циклдер нобайдың ортасында орналасқан  белгішесімен анықталады.
2. Циклдің астында көрсетілген циклді басқару құралдарын пайдаланыңыз.



Циклді басқару құралдары

- | | |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ойнатуды басқару құралы. Циклді қалыпты жылдамдықта ойнату немесе циклді кідірту үшін түртіңіз. |
| 2 | Кері қадамды басқару құралы. Бір кадр артқа жылжыту үшін түртіңіз. |
| 3 | Алға қадамды басқару құралы. Бір кадр алға жылжыту үшін түртіңіз. |
| 4 | Цикл уақытының сызығы. Циклді цикл жылдамдығында өңдеу үшін сүйреңіз. Цикл кідірілсе, сызықты белгілі бір кадрға сүйрей аласыз. |

Кескіндер мен циклдерді экспорттау

Тексеруді экспорттау немесе тексеруден кескіндерді эл-поштамен жіберу алдында тексеруді аяқтауыңыз қажет.

Мыналардың бірін теңшелген желінің межелі орнына экспорттауға немесе құрылғыда қолдау көрсетілетін эл-пошта клиенттерінің бірін пайдалануға болады:

- Кескіндер
- Циклдер
- (Тек Android құрылғылары) **Fetal Age Summary**

Кескіндер мен циклдерді эл-поштамен жіберу



АБАЙЛАҢЫЗ

Құрылғы қауіпсіздігі мен емделуші деректерінің қорғанысын жергілікті қауіпсіздік саясаттары мен нормативтік талаптарға сәйкестендіруге сіз жауаптысыз. Кескіндер мен циклдерді эл-поштамен жіберу алдында емделуші ақпаратын өңдеуге қатысты бөлімге тән саясаттар мен ережелерге сәйкес екендігін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау АТ қауіпсіздігі бөліміне хабарласыңыз. Қосымша ақпаратты *Пайдаланушы ақпараты* USB құралы немесе Lumify веб-сайтының (www.philips.com/lumify) Қолдау бөліміндегі *Жүйе және деректер қауіпсіздігі үшін ортақ рөлдер* бөлімінен көріңіз:

Кескіндерді эл-поштамен жіберу алдында эл-пошта клиентін орнату керек болуы мүмкін. Орнату нұсқауларын мына веб-сайттан қараңыз және «эл-пошта клиентін теңшеу» деп іздеңіз:



- Android құрылғылары: <https://support.google.com>
- iOS құрылғылары: <https://support.apple.com>

Құрылғыда бірнеше эл-пошта тіркелгісі қолжетімді болса, жүйе қолжетімді тіркелгілер тізімінен таңдауды ұсынады. Reacts тіркелгісімен қандай эл-пошта тіркелгісі байланысты екендігіне қарамастан сізге қолжетімді кез келген эл-пошта тіркелгісін таңдай аласыз. Электрондық хабарды экспорттау барысында файл өлшемі эл-пошта қолданбасының шегінен асқан кезде ешбір хабарландырусыз хабардан файлды жоюға болады.



Жүйе қозғалмайтын кескіндерді PNG пішімінде және циклдерді MP4 пішімінде эл-поштамен жібереді.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Сақталған тексеруді **Review** ішінде ашу үшін түртіңіз.

3. **Review** дисплейінде мыналардың біреуін орындаңыз:
 - Барлық тексеру кескіндерін эл-поштамен жіберу үшін **Export Exam**  түймесін түртіңіз.
 - Таңдалған кескіндер мен циклдерді эл-поштамен жіберу үшін нобай кескінін басып тұрыңыз. Таңдалған нобай жиегі сары түске өзгереді. Қосымша кескіндер мен циклдерді эл-поштаға қосу үшін түртіңіз. **Export Selected**  түймесін түртіңіз.
4. **Email** түймесін түртіңіз.
5. Құпиялық туралы мәлімдемені оқып шығып, **Continue** түймесін түртіңіз.
6. **Pick an Email Application to Use** диалог терезесі пайда болса, тізімнен эл-пошта қолданбасын таңдау үшін түртіп, мыналардың кез келгенін орындаңыз:
 - Ағымдағы экспорттау барысында таңдалған эл-пошта қолданбасын ғана пайдалану үшін **Just Once** түймесін түртіңіз. **Always** параметрі таңдалса, **Pick an Email Application to Use** диалог терезесі пайда болады.
 - Таңдалған эл-пошта қолданбасын әдепкі ретінде орнату үшін **Always** түймесін түртіңіз.
7. Құпиялық ескертпесі мазмұнын қабылдау үшін **Continue** түймесін түртіңіз. Құрылғының әдепкі эл-пошта тіркелгісі ашылады және тіркелген кескіндермен жаңа хабар көрсетіледі.
8. Эл-поштаға алушылар мен мәтінді қосып, эл-хабар жіберіңіз. Эл-хабарға кескіндер, циклдер және **Fetal Age Summary** құжаты автоматты түрде тіркеледі.

iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Сақталған тексеруді **Review** ішінде ашу үшін түртіңіз.
3. **Review** дисплейінде **Select** түймесін түртіп, мыналардың біреуін орындаңыз:
 - Барлық тексеру кескіндерін эл-поштамен жіберу үшін **Select All** түймесін түртіңіз.





- Таңдалған кескіндер мен циклдерді эл-поштамен жіберу үшін нобай кескінін түртіңіз. Таңдалған нобай жиегі көк түске өзгереді. Қосымша кескіндер мен циклдерді эл-поштаға қосу үшін түртіңіз.
4. **Export** түймесін түртіңіз.
 5. **Export To** астынан **App Share** түймесін түртіңіз.
 6. Құпиялық туралы мәлімдемені оқып шығып, **Okay** түймесін түртіңіз.
 7. Тізімнен эл-пошта қолданбасын таңдаңыз. Таңдалған кескіндер тіркелген жаңа эл-хабар пайда болады.
 8. Эл-поштаға алушылар мен мәтінді қосып, эл-хабар жіберіңіз. Таңдалған кескіндер мен циклдері эл-поштаға автоматты түрде тіркеледі.


Желінің межелі орнына кескіндер мен циклдерді экспорттау

Экспорт межелі орнын қосуға, өңдеуге, көшіру, қайта атауға немесе жоюға болады ([194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) және [198-беттегі «Экспорт межелі орындарын өңдеу»](#) бөлімін көріңіз).


Android құрылғылары

Кескіндерді, циклдерді және **Fetal Age Summary** құжатын DICOM PACS жүйесіне, ортақ желіге немесе жергілікті каталогке экспорттауға болады. Жүйе қозғалмайтын кескіндерді және **Fetal Age Summary** құжатын **RLE (Lossless)** немесе **JPEG (Lossy)** пішімінде экспорттайды.

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Сақталған тексеруді **Review** ішінде ашу үшін түртіңіз.
3. **Review** дисплейінде мыналардың біреуін орындаңыз:
 - Барлық тексеру кескіндерін экспорттау үшін **Export Exam**  түймесін түртіңіз.
 - Таңдалған кескіндерді экспорттау үшін нобай кескінін басып тұрыңыз. Таңдалған нобай жиегі сары түске өзгереді. Қосымша кескіндерді экспортқа қосу үшін түртіңіз. **Export Selected**  түймесін түртіңіз.



4. Экспорттың межелі орнының профилі бұрын жасалса, **Export Selected**  мәзірінен оны таңдау үшін түртсеңіз, кескіндер, циклдер және **Fetal Age Summary** құжаты автоматты түрде экспортталады.

ЕСКЕРТПЕ

Жаңа экспорт межелі орнын жасау туралы ақпаратты [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімінен қараңыз. Жаңа экспорт межелі орнын жасаған соң, ол жүйеде сақталып, **Export Selected**  мәзірінде пайда болады.

iOS құрылғылары

Кескіндер мен циклдерді DICOM PACS жүйесіне немесе жергілікті каталогке экспорттауға болады. Жүйе қозғалмайтын кескіндерді **RLE (Lossless)** немесе **JPEG (Lossy)** пішімінде экспорттайды.


1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. Сақталған тексеруді **Review** ішінде ашу үшін түртіңіз.
3. **Review** дисплейінде **Select** түймесін түртіп, мыналардың біреуін орындаңыз:
 - Барлық тексеру кескіндерін эл-поштамен жіберу үшін **Select All** түймесін түртіңіз.
 - Таңдалған кескіндер мен циклдерді эл-поштамен жіберу үшін нобай кескінін түртіңіз. Таңдалған нобай жиегі көк түске өзгереді. Қосымша кескіндер мен циклдерді экспортқа қосу үшін түртіңіз.
4. **Export** түймесін түртіңіз.
5. Экспорттың межелі орнының профилі бұрын жасалса, **Export To** мәзірінен оны таңдау үшін түртсеңіз, кескіндер мен циклдер автоматты түрде экспортталады.

ЕСКЕРТПЕ


Жаңа экспорт межелі орнын жасау туралы ақпаратты [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімінен қараңыз. Жаңа экспорт межелі орнын жасаған соң, ол жүйеде сақталып, **Export To** мәзірінде пайда болады.

Кескіндер мен циклдерді жою

Android құрылғылары

1. **Review** дисплейінде нобай кескінін басып тұрыңыз. Таңдалған нобай жиегі сары түске өзгереді. Бірнеше кескінді жою үшін қосымша кескіндер мен циклдерді түртіңіз.
2. **Delete**  түймесін түртіңіз.
3. Жоюды растау үшін **Yes** түймесін түртіңіз.

iOS құрылғылары

1. **Review** дисплейінде нобай кескінін басып тұрыңыз. Таңдалған нобай жиегі сары түске өзгереді. Бірнеше кескінді жою үшін қосымша кескіндер мен циклдерді түртіңіз.
2.  опциясын түртіңіз.
3. Жоюды растау үшін **Delete** түймесін түртіңіз.

Тексерулерді экспорттау

Тексерулерді DICOM PACS жүйесіне, ортақ желіге (тек Android құрылғылары) немесе жергілікті каталогке экспорттауға болады. [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімін көріңіз.

Тексеруді экспорттау немесе тексеруден кескіндерді эл-поштамен жіберу алдында тексеруді аяқтауыңыз қажет.








Android құрылғылары

DICOM PACS жүйесіне экспортталған тексерулер үшін жүйе мына пішімдерді қолданады:

- Қозғалмайтын кескіндер мен **Fetal Age Summary** құжатына, JPG немесе RLE пішіміне арналған
- Циклдерге, JPG немесе RLE ультрадыбыстық бірнеше кадр кескіні пішіміне арналған

Ортақ желіге немесе жергілікті каталогке экспортталған тексерулер үшін жүйеде мына пішімдер қолданылады:

- Қозғалмайтын кескіндер мен **Fetal Age Summary** құжатына, PNG пішіміне арналған
- Циклдерге, MP4 пішіміне арналған

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. **Selected Exams** параметрі пайда болғанша тексеруді басып тұрыңыз.
3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Бір тексеруді экспорттау үшін, оны **Review** ішінде ашу үшін түртіп, **Export Exam**  түймесін түртіңіз.
 - Бір немесе бірнеше тексеруді экспорттау үшін қосымша тексерулерді басып тұрып, **Export**  түймесін түртіңіз.
 - Барлық тексерулерді экспорттау үшін **Select All**  түймесін түртіп, **Export**  түймесін түртіңіз.
4. **Export**  мәзірінен межелі орынды таңдаңыз. (Жаңа межелі орынды қосу үшін **Add New** параметрін таңдаңыз. Қосымша ақпаратты [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімінен көріңіз.)





Экспорт аяқталған кезде растау хабары пайда болады.

iOS құрылғылары

DICOM PACS жүйесіне экспортталған тексерулер үшін жүйе мына пішімдерді қолданады:

- Қозғалмайтын кескіндерге, JPG немесе RLE пішіміне арналған
- Циклдерге, JPG немесе RLE ультрадыбыстық бірнеше кадр кескіні пішіміне арналған

Жергілікті каталогке экспортталған тексерулер үшін жүйе мына пішімдерді қолданады:

- Қозғалмайтын кескіндерге, PNG пішіміне арналған
 - Циклдерге, MP4 пішіміне арналған
1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
 2. **Select** түймесін түртіңіз.
 3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Жалғыз тексеруді экспорттау үшін оны түртіңіз. Таңдалған тексеруден кейін  құсбелгісі пайда болады. **Export** түймесін түртіңіз.
 - Қосымша тексерулерді экспорттау үшін әрбір қосымша тексеруді түртіңіз. Әрбір сіз таңдаған тексеруден кейін  құсбелгісі пайда болады. **Export** түймесін түртіңіз.
 - Барлық тексерулерді экспорттау үшін **Select All** түймесін түртіп, **Export** түймесін түртіңіз.
 4. **Export To** мәзірінен межелі орынды таңдаңыз.

Экспортталған кескіндер мен циклдердегі емделуші деректерін көрсету немесе жасыру




DICOM серверіне, жергілікті каталогке немесе ортақ желіге экспортталатын кескіндер мен циклдердегі емделуші ақпаратын көрсетуге немесе жасыруға болады (тек Android құрылғылары). Әдетте, ортақ желіге немесе жергілікті каталогке экспорттаған кезде жүйеде емделуші деректері болады және DICOM серверіне экспорттаған кезде кескіннің үстіндегі емделуші туралы ақпаратты жасырады.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.

2. Емделуші деректерінің көрсетілуін немесе жасырылуын қалайтын экспорт межелі орнын таңдаңыз (экспорт межелі орнын қосу керек болса, [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімін көріңіз).
3. **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз.
4. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде емделуші туралы ақпаратты көрсету үшін **Include Patient Data on Each Image** параметрін таңдаңыз.
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде емделуші туралы ақпаратты жасыру үшін **Include Patient Data on Each Image** параметрінен таңдауды алыңыз.



iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. **Export Destinations** бетінде өзгерту керек межелі орыннан кейінгі  түймесін түртіңіз.
3. **Edit** түймесін түртіңіз.
4. **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз.
5. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде емделуші туралы ақпаратты көрсету үшін **Include Patient Data on Each Image** параметрін таңдаңыз.
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде емделуші туралы ақпаратты жасыру үшін **Include Patient Data on Each Image** параметрінен таңдауды алыңыз.




Экспортталған кескіндер мен циклдерде мекеме атын көрсету немесе жасыру

Экспортталған кескіндер мен циклдерді мекеме атының пайда болуын таңдауға болады.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. Мекеме атының көрсетілуін немесе жасырылуын қалайтын экспорт межелі орнын таңдаңыз (экспорт межелі орнын қосу керек болса, [194-беттегі «Экспорт межелі орындарын теңшеу»](#) бөлімін көріңіз).
3. **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз.
4. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде мекеме атын көрсету үшін **Include the institution name on Each Image** параметрін таңдаңыз.
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде мекеме атын жасыру үшін **Include the institution name on Each Image** параметрінен таңдауды алыңыз.







iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. **Export Destinations** бетінде өзгерту керек межелі орыннан кейінгі  түймесін түртіңіз.
3. **Edit** түймесін түртіңіз.
4. **Show Advanced Options** параметрін таңдаңыз.
5. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде мекеме атын көрсету үшін **Include the Institution Name on Each Image** параметрін таңдаңыз.
 - Экспортталған кескіндер мен циклдерде мекеме атын жасыру үшін **Include the Institution Name on Each Image** параметрінен таңдауды алыңыз.





Тексерулерді жою

Тексерулерді экспорттаған соң, жүйеде орынды сақтау үшін оларды жоя аласыз.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. **Selected Exams** параметрі пайда болғанша тексеруді басып тұрыңыз.
3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Таңдалған тексеруді жою үшін **Delete**  түймесін түртіңіз.
 - Бірнеше тексеруді жою үшін қосымша тексерулерді таңдау үшін басып тұрып, **Delete**  түймесін түртіңіз.
 - Барлық тексерулерді жою үшін **Select All**  түймесін түртіп, **Delete**  түймесін түртіңіз.
4. **Delete Confirmation** диалог терезесінде **Yes** түймесін түртіңіз.



iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Saved Exams**  түймесін түртіңіз.
2. **Select** түймесін түртіңіз.
3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Жалғыз тексеруді жою үшін оны түртіңіз. Таңдалған тексеруден кейін  құсбелгісі пайда болады. **Delete** түймесін түртіңіз.
 - Бірнеше тексеруді жою үшін жою керек әрбір тексеруді түртіңіз. Әрбір сіз таңдаған тексеруден кейін  құсбелгісі пайда болады. **Delete** түймесін түртіңіз.
 - Барлық тексерулерді жою үшін **Select All** түймесін түртіп, **Delete** түймесін түртіңіз.
4. **Delete Confirmation** диалог терезесінде **Delete** түймесін түртіңіз.

Экспорт межелі орындарын теңшеу

Android құрылғылары

Тексерулерді DICOM PACS жүйесіне, ортақ желіге немесе жергілікті каталогке экспорттауға болады.

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. **Add New** түймесін түртіңіз.
3. **Add New Destination** диалог терезесінде **Destination Nickname** деп теріп, **Destination Type** параметрін таңдаңыз. **Continue** түймесін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

Add New Destination диалог терезесінен параметрлер таңдалғанда немесе экспорт межелі орнын өңдегенде құрылғыны бұрсаңыз, жүйе таңдауларыңызды сақтамайды. Осы жағдайды болдырмау үшін экспорт межелі орындарын қосқанда немесе өңдегенде құрылғыңызды бұрауға болмайды.

4. Межелі орын параметрлерін теңшеңіз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).
5. Экспорт межелі орнымен байланысты сынау үшін **Test** түймесін түртіңіз.
6. Экспорт межелі орнын сақтау үшін **Save** түймесін түртіңіз.
7. Әдепкі экспорт межелі орнын көрсету үшін **Connectivity Profiles** бетінен **Upon Exam Completion, Automatically Export Loops and Images To** мәзірінен опцияны таңдаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [130-беттегі «Қосылым мүмкіндігінің профилдерін өңдеу»](#) бөлімін көріңіз.

iOS құрылғылары

Тексерулерді DICOM PACS жүйесіне немесе жергілікті каталогке экспорттауға болады.

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. **+** түймесін түртіңіз.
3. Жасау керек экспорт межелі орны түрін таңдаңыз.
4. **Destination Nickname** ақпаратын теріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Export Destinations тізімінде **Destination Nickname** үшін енгізілген ат пайда болады.

5. Межелі орын параметрлерін теңшеңіз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).
6. Экспорт межелі орнымен байланысты сынау үшін **Test** түймесін түртіңіз.
7. Экспорт межелі орнын сақтау үшін **Save** түймесін түртіңіз.
8. Әдепкі экспорт межелі орнын көрсету үшін **Connectivity Profiles** бетінен **Upon Exam Completion, Automatically Export Loops and Images To** мәзірінен опцияны таңдаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [130-беттегі «Қосылым мүмкіндігінің профильдерін өңдеу»](#) бөлімін көріңіз.

Экспорт межелі орнының параметрлері

DICOM межелі орнының параметрлері

Параметр	Сипаттама
Destination Nickname	Экспорт межелі орындары тізімінде пайда болатын ат
Lumify AE Title	Құрылғыға арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы
Remote AE Title	Серверге арналған қолданба деңгейі нысанының тақырыбы

Параметр	Сипаттама
Hostname немесе IP Address	DNS немесе статикалық IP мекенжайын пайдалану
Порт	Серверге арналған порт нөмірі
Экспорттау форматы	RLE (Lossless) немесе JPEG (Lossy)
Advanced Options, Display Compensation	Brightness және Contrast
Advanced Options, Include Patient Data on Each Image	Экспортталған кескіндер мен циклдерге емделуші туралы ақпаратты қосады (әдепкі бойынша осы опцияның таңдауы алынды).
Advanced Options, Include Institution Name on Each Image	Экспортталған кескіндер мен циклдерге мекеме атын қосады (әдепкі бойынша осы опцияның таңдауы алынды).
Advanced Options, Advanced Connection Settings	<ul style="list-style-type: none"> • DNS Suffix • Read Timeout (sec): Желінің жауап беру үзілісі • Connection Timeout (sec): DICOM ARTIM үзілісі • Max Packet Size (bytes): Деректер бумаларының өлшемін шектейді. Бума шектеулері бойынша желі әкімшісіне хабарласыңыз. • Retry Interval (sec) : Жүйенің сервердегі жұмысты қайталау алдында күтетін уақыты • Max Retries: Жұмысты сәтсіз аяқтау алдында жүйе қанша қайталауды орындайды

Желіні бөлісу межелі орнының параметрлері (тек Android құрылғылары)

Параметр	Сипаттама
Hostname	Ортақ желі орналасқан сервердің IP мекенжайы немесе компьютер аты

Параметр	Сипаттама
User	Ортақ желінің домен және пайдаланушы аты
Password	Ортақ желінің құпиясөзі
Remote Directory	Ортақ желінің жолы
Exported Filename Syntax	Сіз таңдаған файл аты өрістерінің реті экспортталған мазмұн қалтасының атында пайда болған өріс ретіне әсер етеді және Example Export Path параметріне әсер етеді. Мысалы, Last параметрін таңдап, MRN параметрін таңдасаңыз, қалта аты Last деп басталып, MRN деп жалғасады.
Advanced Options, Image Resolution	Тексеру қаралған дисплейге сәйкес ажыратымдылықты таңдаңыз.
Advanced Options, Include Patient Data on Each Image	Экспортталған кескіндер мен циклдерден емделуші туралы ақпаратты жою үшін таңдауды алыңыз (әдепкі бойынша осы опция таңдалды).
Advanced Options, Display Compensation	Brightness және Contrast
Advanced Options, Advanced Connection Settings	<ul style="list-style-type: none"> • DNS Suffix • Retry Interval (sec) : Жүйенің сервердегі жұмысты қайталау алдында күтетін уақыты • Max Retries: Жұмысты сәтсіз аяқтау алдында жүйе қанша қайталауды орындайды

Жергілікті каталогтің межелі орнының параметрлері

Параметр	Сипаттама
Destination Nickname	Экспорт межелі орындары тізімінде пайда болатын ат
Directory	Тексерулерді сақтау керек қалта жолын теру






Параметр	Сипаттама
Prompt each time when exporting to this location?	Осы межелі орынға экспорттау алдында растауды талап ету үшін таңдау
Exported Filename Syntax	Сіз таңдаған файл аты өрістерінің реті экспортталған мазмұн қалтасының атында пайда болған өріс ретіне әсер етеді және Example Export Path параметріне әсер етеді. Мысалы, Last параметрін таңдап, MRN параметрін таңдасаңыз, қалта аты Last деп басталып, MRN деп жалғасады.
File Type	Тексеру деректерін сақтауға қолдану керек файл пішімін таңдау
Advanced Options, Display Compensation	Brightness және Contrast
Advanced Options, Image Resolution	Тексеру қаралған дисплейге сәйкес ажыратымдылықты таңдаңыз.
Advanced Options, Include Patient Data on Each Image	Экспортталған кескіндер мен циклдерден емделуші туралы ақпаратты жою үшін таңдауды алыңыз (әдепкі бойынша осы опция таңдалды)
Advanced Options, Include Institution Name on Each Image	Экспортталған кескіндер мен циклдерден мекеме атын жою үшін таңдауды алыңыз (әдепкі бойынша осы опция таңдалды)

Экспорт межелі орындарын өңдеу







Жүйе кескіндерді немесе тексерулерді экспорттамаған кезде экспорт межелі орындарын өңдеуге, көшіруге, қайта атауға немесе жоюға болады.

Android құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.

2. Келесілердің кез келгенін орындаңыз:
 - Экспорт межелі орнын өңдеу үшін экспорт межелі орнын түртіп, өрістер мен опцияларды өзгерту үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. **Save** түймесін түртіңіз.
 - Экспорт межелі орнын жою үшін таңдау бөлектелгенше экспорт межелі орнын басып тұрыңыз. **Delete**  түймесін түртіңіз. Жоюды растау үшін **Yes** түймесін түртіңіз.
 - Экспорт межелі орнын қайта атау үшін таңдау бөлектелгенше экспорт межелі орнын басып тұрыңыз. **Rename**  түймесін түртіңіз. **Rename Destination** диалог терезесінде межелі орынның жаңа бүркеншік атын теріп, **Rename**  түймесін түртіңіз.
 - Экспорт межелі орнын көшіру үшін таңдау бөлектелгенше экспорт межелі орнын басып тұрыңыз. **Copy**  түймесін түртіңіз. **Copy Destination** диалог терезесінде межелі орынның жаңа атын теріп, **Copy**  түймесін түртіңіз.

iOS құрылғылары

1.  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіңіз.
2. Өзгерту керек экспорт межелі орнынан кейінгі  түймесін түртіп, мыналардың кез келгенін орындаңыз:
 - Экспорт межелі орнын өңдеу үшін **Edit**  түймесін түртіп, өрістер мен опцияларды өзгерту үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. **Save** түймесін түртіңіз.
 - Экспорт межелі орнын жою үшін **Delete**  түймесін түртіңіз. **Delete Confirmation** диалог терезесінде жоюды растау үшін **Delete** түймесін түртіңіз.
 - Экспорт межелі орнын көшіру үшін **Copy**  түймесін түртіңіз. **Copy Destination** диалог терезесінде межелі орынның жаңа атын теріп, **Copy** түймесін түртіңіз.









Экспорттау кезегін көру

Экспорттау кезегінде экспортталған кескіндер мен тексерулер барысын көрсетеді. Экспорт межелі орнын теңшеген кезде қайта экспорттаулар саны мен қайталау аралығын теңшей аласыз ([195-беттегі «Экспорт межелі орнының параметрлері»](#) бөлімін көріңіз).

1.  түймесін түртіп, **Export Queue**  түймесін түртіңіз. Жұмыс орындалып жатса, жүйеде ол күймен, межелі орынмен және орындалу барысы туралы ақпаратпен қатар көрсетіледі.
2. Жұмыс сәтсіз болса немесе орындалып жатқан жұмыс туралы мәліметтерді көру керек болса, оны түртіңіз. **Job Details** диалог терезесінде мыналардың кез келгенін орындаңыз:
 - Экспорт межелі орнын көру немесе өңдеу үшін **View Destination Details** түймесін түртіңіз.
 - Жұмысты қайталау үшін **Retry Job** түймесін түртіңіз.

DICOM журналға тіркеуін қосу

DICOM қосылым мүмкіндігі мәселелерін шешу үшін DICOM журналға тіркеуін қосуға болады. DICOM журналға тіркеуі — АТ мамандарының қосымша мүмкіндігі.

1. Келесілердің бірін орындаңыз:
 -  түймесін түртіп, **Export Queue**  түймесін түртіп, беттің үстінен  (Android құрылғылары) немесе  (iOS құрылғылары) түймесін түртіңіз.
 -  түймесін түртіп, **Export Destinations**  түймесін түртіп, беттің үстінен  (Android құрылғылары) немесе  (iOS құрылғылары) түймесін түртіңіз.
2. Журналға тіркеуді бастау үшін **Start DICOM Logging** түймесін түртіңіз. Журналға тіркеуді тоқтату үшін **Stop DICOM Logging** түймесін түртіңіз.
3. Журналдарды көру **View Logs From [Date and Time]** түймесін түртіңіз.
4. Журналдарды жою үшін **Delete DICOM Logs** түймесін түртіңіз.

8 Таратқыш

Кескін сапасы үшін таратқыш түрі өте маңызды фактор болып табылады. Дұрыс таратқышсыз оңтайлы кескіндеуді қамту мүмкін емес. Жүйе таратқыш таңдауына негізделе отырып пайдалануға оңтайландырылады.

Таратқыштар қосу туралы ақпаратты [123-беттегі «Таратқыштарды қосу»](#) бөлімінен қараңыз. Таратқыштарға күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету туралы қосымша ақпаратты *Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштарға күтім көрсету және тазалау және Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштар зарарсыздандыру құралдары мен тазалау ерітінділері* бөлімдерінен көріңіз.

Алғашқы зерттеуді жасау алдында жаңа таратқыштарды зарарсыздандырыңыз. Емделушілер мен мамандарды патогендерден қорғау үшін әр қолданыстан кейін бірден таратқышты тазалап, зарарсыздандырыңыз. *Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштарға күтім көрсету және тазалау* бөлімінде сипатталған қадамдарды қамтитын тазалау процедурасын орнатып, анық қойыңыз.

Таратқыш қауіпсіздігі



АБАЙЛАҢЫЗ

Philips таратқыштары және Philips бекіткен биопсия нұсқауларын, қақпақтарын, топтарын, қорын, құрамдастарын және аксессуарларын ғана пайдаланыңыз. Басқа брендтер Philips таратқыштарымен дұрыс бекітілмеуі мүмкін. Дұрыс емес орнату емделушінің жарақат алуына әкелуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Дефибрилляциядан бұрын емделушіден таратқышты әрқашан жойыңыз.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Жаңадан туылған, балалар және дәрі қабылдайтын емделушілерді сканерлеу кезіндегі ықтимал зақымды шектеу үшін, 41 °C (106 °F) жоғары температураларда кескін алуға жұмсалатын уақытты азайтыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Таратқышты өңдеу кезінде таратқышты қатты беттерге соқпаңыз.

Жүйе емделушімен жанасу температурасын 43 °C (109 °F) градусқа дейін және акустикалық шығыс мәндерін олардың АҚШ тағам және дәрі әкімшілігінің шектеріне дейін шектейді. Қуат қорғанысның схемасы артық ток жағдайларынан қорғайды. Егер қуат монитормының қорғаныс схемасы артық ток жағдайын анықтаса, таратқыш бетінің ысып кетуінен және акустикалық шығысты шектеуден қорғау үшін таратқыштың жетек кернеуі дереу өшіріледі. Қуат қорғанысы схемасы қалыпты жүйе операциясы астында орындалды.

Алдын ала орнатымдар және таратқыштар

Бұл — ультрадыбыстық жүйемен үйлесімді таратқыштардың алдын ала орнатымдары.

Жүйе таратқыштары мен қолдау көрсетілетін алдын ала орнатымдары

Таратқыш	Алдын ала орнатулар
C5-2	Іш, өт қабы, OB/GYN
L12-4	Өкпе, MSK, жұмсақ талшық, сыртқы, тамыр
S4-1	Іш, жүрек, FAST, өкпе, OB/GYN

Таратқышты жүргізу

Таратқыш кабелі мен объективті әрбір қолданыс алдында тексеріңіз. Таратқыштың бүтіндігіне қауіп тудыратын сынықтар не басқа зақымға тексеріңіз. Кез келген таратқыш зақымы туралы өкілетті қызмет көрсету өкіліне хабарлап, таратқышты пайдалануды тоқтатыңыз.

Таратқышты тазалау және зарарсыздандыру туралы барлық ақпаратты, оның ішінде үйлесімді зарарсыздандырғыш туралы ақпаратты *Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштарға күтім көрсету және тазалау, Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштар зарарсыздандыру құралдары мен тазалау ерітінділері* және Philips таратқышына күтім көрсету веб-сайтынан қараңыз:

www.philips.com/transducercare

Егер төмен кескін сапасы немесе таратқыш мәселелері орын алса, [220-беттегі «Кемшіліктерді жою»](#) бөлімін көріңіз.



ЕСКЕРТУ

Кейбір ультрадыбысты ағытпа гельдері алдын ала тазалау, зарарсыздандыру және стерилдеуге арналған кейбір ерітінділер сияқты таратқышқа зақым келтіруі ықтимал. Таратқышта гелді немесе ерітіндіні пайдалану алдында [208-беттегі «Ультрадыбыстық трансмиссиялық гельдер»](#) және *Ультрадыбыстық жүйелер мен таратқыштар зарарсыздандыру құралдары мен тазалау ерітінділері* бөлімін немесе Philips таратқышына күтім көрсету веб-сайтын қараңыз: www.philips.com/transducercare. Сондай-ақ, өкілетті қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз. Байланыс ақпаратын [22-беттегі «Тұтынушылар қызметі»](#) бөлімнен көріңіз.

Акустикалық артефактілер

Таратқыш меншікті қолын сәуле енінің әсерлері, ось ажыратымдылығының шектеулері және жиілік таңбалары пішінінде эхо ақпаратына қосады. Күшейту, сигналды өңдеуіне әсер ететін эхография маманы жасаған таңдауларды басқару үшін және эхо деректерінің

көрсетілген көрінісінде айтарлықтай айырмашылықтарын әкелетін эхо сигналы. Келесі акустикалық артефактілердің қысқаша талқылауы болып табылады. Ультрадыбысты кескіндерде көрсетілген сигналдардың өндірісі үшін физикалық негізін түсіну кескіндердегі артефактілерді азайту және зерттеулер нәтижелерін түсіндіруде көмек болып табылады.

Артефактілер - денедегі рефлекторға сәйкес қарағанда әр түрлі орында көрсетілетін эхо. Сондай-ақ, артефактілерге талшық сипаттары себеп болуы мүмкін. Артефактілер сыртқы шу, жаңғырықтыру, бірнеше жолды шағылыстар не реттелмеген жабдықтан құрылуы мүмкін. Сондай-ақ, олар ультрадыбыс сәулесінің геометриясы және сәуле интенсивтілігіндегі пайдаланылмайтын өзгертулерден келуі мүмкін. Артефактілер және олардың белгілері төменде тізімделген және келесілер әр түрлі артефактілердің кейбір айқындамалары болып табылады.

- Спекл, бөлім қалыңдығы, жаңғырықтыру, айна кескіні, комета құйрығы не төменгі шығыршық сияқты көрсетілетін қосылған нысандар
- Төмен ажыратымдылыққа байланысты өткізілген нысандар
- Көлеңкелеу не артуына байланысты дұрыс емес нысан ашықтығы
- Рефракция, бірнеше бетті шағылулар, бүйірлік желектер, торлы желектер, жылдамдық қатесі не ауқым көп мағыналылығына байланысты дұрыс емес нысан орны
- Төмен ажыратымдылық, рефракция не жылдамдық қатесіне байланысты дұрыс емес нысан көлемі
- Төмен ажыратымдылық, рефракция не жылдамдық қатесіне байланысты дұрыс емес нысан пішімі

Алынған сигналдар жүйенің жоғары амплитуда шетіне жеткен кезде **Акустикалық қанықтық** орын алады. Бұл нүктеде жүйенің сигнал интенсивтіліктерін ажырату не көрсету мүмкін емес. Қанықтық нүктесінде арттырылған кіріс шығысты арттырмайды.

Допплер жиілігі Найквист шегінің асқандығын анықтаған кезде **Деңгейлестіру** орын алады. Ол спектрлік көріністе Допплер ұшының көрініс астын, үстіне не төмен жүрісі кезінде және кейін негізгі жолдың басқа жағында жалғасатындығын сипаттайды. Түсті көріністе Найквист шегінен түсте дереу басқаға өзгерту көрсетіледі.

Комета құйрығы - екі не одан көп қатты рефлекторлар бірге жақын және жоғары тарату жылдамдығына ие болғанда жаңғырықтыру артефактісінің пішімі. Бұл жағдайда дыбыс тікелей рефлекторға және таратқышқа қайтпайды; және қатты сызықты эхо рефлекторда көрсетіледі және рефлектордан тереңірек асады.

Арту - төмен басылудың аралық құрылымынан себеп болатын эхолардың артқан салыстырмалы амплитудасы.

Фокальді кеңейтім, фокальді жолақ ретінде белгілі, көріністе эхолардың ашықтығы ретінде көрсетілетін фокальді аудандағы арттырылған интенсивтілік болып табылады.

Айнаны кескіндеу артефакті диафрагма айналасында өте жалпы түрде көрінеді; бұл артефакт басқа рефлекторға шағылып қайтудан пайда болады.

Шағылыстыру - алдыңғы және артқы сигналды өңдеу арналарын дұрыс емес бөлінуі кезіндегі спектрлік көріністегі артефактілер көрінісі. Сол себепті, бір арнаның күшті сигналдары басқаға шағылысады.

